


ДӘУЛЕТ



Туған жерін түлеткен

3

ҚАЗЫНА



Жаратылыс сырын жан бесігіне бөлеген

4

МҰРА



Мұнаралар – ғұрыптық ескерткіштер діңгегі

5

ТАБИҒАТ



Жай оты

8



Сыр бойы



№122-123 (19800-19801)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboi.kz/

https://twitter.com/syrboi

www.instagram.com/syrboi.kz

17 тамыз /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ: ЖАҢА МІНДЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Кеше Нұр-Сұлтан қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамыз конференциясына қатысты. Іс-шараға Қазақстанның барлық өңірінен мұғалімдер, оқу орындарының оқытушылары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері келген. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жаңа буында тәрбиелеудегі мұғалімдердің ролін атап өтті.

– Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу – педагогтардың және ата-аналардың міндеті. Лайықты азамат – бұл өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккер болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, білім және ғылым саласының дамуына тың әрі тегеурінді серпін қажет.

– Білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл, алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер. Аталған бағыттар бойынша тиімді жұмыс істеу қажет, яғни туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсыну керек, – деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мұғалімдердің біліктілігін бағалау идеясын жүзеге асырудағы бюрократия мен біржақтылыққа, сондай-ақ оқытушылардың өз кәсібінен тыс түрлі іс-шараларға тартылуына қатысты сыни көзқарасын білдірді.

– Жергілікті әкімдіктердің өз өкілеттіктерін асыра пайдаланып,



мұғалімдерді білім беру саласына еш қатысы жоқ әкімшілік іс-шараларға тарту жағдайлары толастамай тұр. Аталған мәселелерді шешу үшін Үкіметке шұғыл, нақты шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу жүйесінің сапасын арттыру, сондай-ақ орта білім беруді одан әрі дамыту стратегиясын айқындау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

– Өлем елдерінің 60 пайызында мектепте білім беру 6 жас-тан басталады, яғни мұндай жүйе баланың зияткерлік және әлеуметтік жағынан ертерек дамуына оң ықпал етеді. Үкіметке Білім мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы аясында 12-жылдық білім беру моделіне біртіндеп, жоспарлы негізде көшуді қамтамасыз етуді тапсырамын, – деп атап өтті Президент.

Мемлекет басшысы «Жас маман» жобасының жүзеге асырылуын, техникалық және кәсіби білім беру жүйесін дамыту жұмысын пысықтау, сондай-ақ үш ауысымды және шағын комплексті мектептер мәселесін шешу қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрлігіне үштілді оқыту жүйесін енгізу үдерісін қайта қарауды тапсырды. Аталған мәселе оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының дайындығын ескере отырып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

– Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту білім орталықтарының кадрлық мүмкіндігіне қарай, оқытушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша іске асуы тиіс. Сондықтан, ағылшын тілін оқытуды 2-3-ші сыныптан немесе ата-аналардың қалауына қарай 5-ші сыныптан бастау орынды әрі тиімді болады деп санаймын, – деп, Президент өз ұстанымын жеткізді.

Мемлекет басшысы мұғалімдер

жалақысының мөлшерін арттыруды алдыңғы қатардағы міндет екенін атап өтті.

– Бұл саладағы еңбекақы ең төмен жалақылардың қатарында, яғни ел экономикасы бойынша орташа жалақының 65 пайызын құрайды. Білім беру жүйесіне білікті кадрларды тарту мақсатында Үкіметке төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысын 2 есе көбейтуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент барлық білім беру бағдарламалары мен стандарттарын бір деңгейде әзірлеп, қала және ауыл балаларының білім деңгейіндегі алшақтықтарды жоюды және тұрғылықты жері мен ата-аналарының әлеуметтік жағдайына қарамастан, балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік беруді тапсырды.

Мемлекет басшысы ғылымды қаржыландыру жүйесіннің ашықтығын қамтамасыз ету, ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысын жетілдіру қажеттілігіне баса мән берді. Президенттің пікірінше, ғылымды одан әрі институционалды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

Конференцияның соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ондық білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін бірқатар ұстазды марапаттады.

Атап айтқанда, «Құрмет» орденімен – Павлодар қаласының №8 дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің мұғалімі Анатолий Билица, Алматы облысы Іле ауданы №13 орта мектебінің мұғалімі Гүлнәр Казербаева, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Орал қаласы Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің мұғалімі Гүлжихан Тасқарина, Түркістан облысы Кентау қаласының А.Югнаки атындағы орта мектебінің мұғалімі Дәнергүл Қуатбек, «Шапағат» медалімен – Қарағанды қаласындағы Н.Нұрмақов атындағы №2 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі Екатерина Нипрук марапатталды.

МӘЖІЛІС

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен мәжілісте кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Кадрлық өзгерістер таныстырылды

Облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2016 жылдан бері басқарып келген Ғанижан Қалиев ротациялау тәртібімен жуырда Қостанай облысына ауысты. Өріптестері оны жаңа лауазымға салтанатты түрде шығарып салды.

– Ғанижан Пірғазалы өңірде қызмет атқарған жылдары өзін іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ізденімпаз, қарамағындағы қызметкерлерді ортақ мақсатқа жұмылдыра білетін білікті басы ретінде көрсете білді, – деді облыс әкімі.

Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің аумақтық департаменттердің қызметін бағалау қорытындысында да оң көрсеткішке қол жеткізді. Департамент өткен жылы – III, биыл бірінші жартыжылдықта II орыннан көрінді. Ғанижан Пірғазалының бастамасымен бірнеше мәрте қызметкерлерді оқыту шаралары ұйымдастырылды. Мемлекеттік саатып алу саласындағы өзгерістерге байланысты департамент өкілдері басқа мемлекеттік органдарға уақытылы түсіндірмелер беріп, заңнаманың дұрыс қолданылуына септігін тигізді.

Ғ.Қалиевтің еңбегіне алғыс білдіріп, алдағы қызметіне табыс тілеген аймақ басшысы оған өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың Құрмет грамотасын табыс етті.

Мәжілісте облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жаңа басшысы таныстырылды. Бұл лауазымға талай жыл салық органдарында жауапты басшылық қызмет атқарған Марат Егембердиев тағайындалды. Ол 2015 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін аталған департамент басшысының орынбасары болған.

Сондай-ақ, жиында облыстық әділет департаментінің басшысы ауысқаны жария етілді. Бұл лауазымға тәжірибесі мол Ирина Бәкішева тағайындалды. 2002 жылдан бастап күні бүгінге дейін ол аталған департамент басшысының орынбасары қызметін атқарған.

Облыс әкімі жаңа лауазым иелерін құттықтап, тілектестік білдірді.

СЕМИНАР

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің ұйымдастыруымен «Тексеру комиссияларының қызметін жетілдірудің негізгі мәселелері» тақырыбында өткен семинар бейсенбі күні кеңейтілген ауқымда жалғасын тапты. Оның жұмысына облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова, комитет қызметкерлері мен аймақтардың тексеру комиссиялары және облыстық басқарма басшылары қатысты.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Облыс басшысы алдымен Қызылорда қаласында алғашқы көшпелі республикалық семинар ұйымдастырғаны және облыста біраз жыл лауазымды қызмет атқарып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны үшін Наталья Николаевнаға алғыс білдірді.

Мұнан кейін облыстың экономикалық даму барысы жайлы айтып берді.

– Біздің өңір тұрақты дамып келеді. Облыс экономикасына салынып жатқан ин-

вестиция көлемі жыл сайын арта түсуле. Кәсіпкерлік қанат жайып, тұрғындар табысы өткен жылдармен салыстырғанда өсіп отыр.

Облыс бюджеті 2012 жылмен салыстырғанда екі есе өсті және ол әлеуметтік басымдыққа ие. Қызылорда облысы – бұрыннан аграрлы өңір. Еліміздегі күршінің 95%-і біздің аймақта өндіріледі. Ендігі жерде облысты индустриалды-аграрлы аймаққа айналдыру бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр.

2-бет.

АҚЫЛ – ЖАСТАН

Қағаз қалта қоқысқа айналмайды

Білесіз бе, пластик қалбыр мен полиэтиленді қалталар қолданысқа енгелі Жер шарының тұрғындары 8 миллиард тонна қоқыс шығарған. Бұл көрсеткіш ұдайы өсіп келеді. Экологтардың дабыл қағуының да басты себебі сол.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Пластик қалбыр мен полиэтиленді қалталар қолданысқа енгелі Жер шарының тұрғындары 8 миллиард тонна қоқыс шығарған. Бұл көрсеткіш ұдайы өсіп келеді. Экологтардың дабыл қағуының да басты себебі сол.

– Менің жүзеге асырғалы

отырған жобам «Нан өнімдеріне арналған жарнамалық экопакеттер» деп аталады. Экологиялық аймақта тұратынымызды ескерсек, бұл өте қажет нәрсе. Экопакет сыртына кәсіпкер өз жарнамасын ұсынады, ол пакеттер қала дүкендеріне тегін беріледі. Олар да мұны тұтынушы халыққа тегін ұсынады. Бұл – бір. Екіншіден, бұл пакеттер жарнамалық міндетін атқарып қана қоймай, қоқыс көлемінің артауына үлес қосады. Өйткені, қағаз – тез жойылатын қалдық. Қоқысты қалдықсыз өңдеу сынды жобалармен көптеген бизнес жобаларға қатысты. Егер қолға алған жұмысымыз халық көңілінен шығып, қала тазалығына пайдам тисе, ел дамуына сәл де болса үлес қосым деп білемін, – дейді ол.

Асқардың айтуынша, 2014 жылы құрылған «Asia Genetic Group» ЖШС еліміздің 24

қаласында франшиза негізінде жұмыс жасап келеді. Республика бойынша мыңға жуық дүкен экопакеттермен жұмыс жасауда. Ал біздің кейіпкер – құқықтың Қызылорда өңірі бойынша иесі.

– Бұл пакет 56 блоктан тұрады, яғни, 56 кәсіпкердің жарнамасы осы пакетте көрсетіледі деген сөз. Кәсіпкерлер де осы арқылы өз жұмыстарына жарнама жасап, қосымша табыс таба алады. Мысалы, бір отбасында кем дегенде үш не бес адам тұрады деп есептесек, күніне 10 мыңнан өнімі сатылса, әр тираждан сіздің жарнаманыңызы тәулігіне 30 000-нан 50 000-ға дейін адам



көреді деген сөз, – дейді жоба үйлестірушісі.

Айта кету керек, экопакеттің құрамы таза және адам денсаулығына кері әсері жоқ.

Тіпті, пакет сыртындағы бояу арнайы технология бойынша химиялық қоспасыз жазылды. Ал, Асқар бүгінде қаладағы сауда дүкендері және жеке бизнес өкілдерімен келісім-шартқа отырып, халыққа насихат жұмыстарын бастап кеткен.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Бұған дейін облысты абыроймен басқарған мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың бастамасымен көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып келді. Ендігі міндет – осы жұмыстарды әрі қарай жалғастыру, аймағмыздың одан әрі дамуына барлық күш-жігерімізді жұмсау. Осы жылдың ақпан айында Елбасы Н.Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесі отырысында Үкіметтің бастауымен Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Мамыр айының 28-де Кешенді жоспар дайындалып, Үкіметте жан-жақты талқыланды. Оның негізгі бағыттары – өнеркәсіп, «Байқоңыр» кешенінде арнайы экономикалық аймақ құру, агроөнеркәсіптік кешен, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, экология, су шаруашылығының ахуалы, әлеуметтік сала мен Қызылорда қаласының бас жоспары болып белгіленді. Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде жалпыөндіріс өнім көлемі 2,062 трлн теңгеге дейін ұлғайтылатын болады. 2018 жылдың көрсеткіші 1,684 трлн теңгені құраған еді. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы айқындап берген 10 мекелі міндет бар.

Қазіргі таңда осы тапсырмаларды нақты жүзеге асыру бағытында тиісті шаралар қабылданып, жұмыс жүргізілуде, – деді облыс әкімі.

Комитет төрайымы семинарға қатысушылардың Шилел ауданында болып, жақсы әсер алғанын жеткізді.

– Онда аудандық аурухананың құрылысы аяқталуда. Тампонажды цемент зауыты жұмыс істеп тұр. Алдағы кезеңде жобалық құжаттың шығарылуына 300 мың тонна цементтің жылына 300 мың тоннадайын сырттан тасымалдасақ, енді өзімізді қамтамасыз етіп, сыртқа да шығаратын боламыз. Біз Шилелде нағыз индустриалық аймақты өз көзімізбен көрдік. Қаншама жобалау жүзеге асуда. Кезінде Елбасы тапсырмасымен жүзеге асырылған бағдарламалар бүгінде өз нәтижесін беруде. Республикалық және жергілікті бюджет түсімдері артып,



жана жұмыс орындары ашылу. Мұның – өзі тек облыс орталығы ғана емес, аудандардың да дамып келе жатқанының дәлелі, – деді Н.Годунова.

Мұнан кейін семинар тақырыбы талқыланды. Комитет төрайымының айтуынша, 2018 жыл мен 2019 жылдың алғашқы жартысында Есеп комитеті мен тексеру комиссиялары еліміз бойынша жалпы құны 530 млрд теңгенің қаржы бұзушылығын анықтаған. Ал мұндай қаржыға 88 мектеп салуға болады екен.

Н.Годунова бұған дейін тексеру комиссияларының міндеті – бюджет қаржысының игерілуін және мақсатты жұмсалуды бақылау деген түсінік болып келгенін жеткізді. Шын мәнінде солай болып келгені рас. Енді бұл құрылымдарға жүктелетін міндеттер ауқымды арта түсуде. Олар қаржының игерілуін және мақсатты жұмсалуды бақылап қана қоймай, тиімділігіне назар аударатын болады. Комитет басшысы қаржының тиімсіз жұмсалуды және тиімсіз жобалар дайындалғаны туралы мысалдар келтіріп өтті.

Мәселен, Павлодар облысында 800-дей тұрғыны бар елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жалпы құны 600 млн теңгелік жоба шеңберінде ұзындығы 16 шақырымдық құбыр жүргізіп, 400 текше метрлік резервуар салған. Ал осы облыстың 720 адам тұратын басқа елді мекеніне ауыз су жеткізу үшін 18 шақырымдық желі тартып, 1000 текше метр резервуар тұрғызады. Бұл жобаның құны 200 млн теңге. Әрине, кейбір технологиялық айыр-

машылықтар болады. Бірақ, оған жұмсалатын қаржы көлеміндегі айырмашылық 20-30% шамасынан аспауы керек. Ал екі-үш есе көп қаржы жұмсау ақылға сыймайды. Демек, сметалық күн тым жоғары етіп көрсетілген.

Тағы бір мысал, Солтүстік Қазақстан облысында жалпы саны 20 мыңнан аса халық тұратын 40-қа жуық елді мекенге баратын 90 шақырымдық жолды 2010 жылы бастап, әр жыл сайын шамамен 7 шақырыммен іске қосуда. Оның аяқталу мерзімі 2025 жыл деп көрсетілген. Ол кезде алғашқы төселінген жолды қайта жөндеуіне жағдай туады. Есесіне, құрылыс материалдарының бағасы қымбаттауына орай миллиардтаған қаржы жұмсалуда. Комитет төрайымы осындай тиімсіз жобалар мен бағдарламалар әкімшілері жазаға тартылатынын мәлімдеді. Бұрынғыдай жетекші немесе бас маманды кінәлі етіп итеріп салуға жол берілмейді.

Қысқасы, осындай келеңсіздіктерге тексеру комиссиялары баса мән беруі тиіс. Өлетте, тексеру комиссиялары облыстық мәслихат алдында бір рет қана есеп беретін болса, енді тоқсан сайын есеп беруді жолға қойған жөн. Бұл – заңда жазылмағанда, бүгінгі күннің талабы. Н.Годунова семинарда Қызылорда облыстық тексеру комиссиясының атына жылы лебіз білдірді. Аталған ұжым республикада үздік жұмыстарымен танылып отыр.

Семинарда Есеп комитетінен келген мамандар қатысушыларға жана стратегиялық талаптар туралы әдістемелік түсіндірмелер жасап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар Комитет басшысына және сөз сөйлеушілерге сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды.

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жауапты хатшысының бұйрығымен Егембердиев Марат Темірбекұлы Қызылорда облысының ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.

М.Егембердиев 1977 жылы туған. М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «инженер-экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы «Медетші қоры» мекемесінің экономисі ретінде бастаған.

2003-2015 жылдары салық органдарында жауапты қызметтер атқарған.

2015 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жауапты хатшысының бұйрығымен Бәкішева Ирина Жұмабайқызы Қызылорда облысы әділет департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.

И.Бәкішева 1964 жылы туған. Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі», Қазақ мемлекеттік заң университетін «заңгер» және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «экономист» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда қаласының 1 Май атындағы орта мектебінің мұғалімі ретінде бастаған.

2001 жылдан бастап әділет органдарында жұмыс жасап келеді. 2002 жылдың қыркүйек айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы әділет департаменті басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жылу маусымына жан-жақты дайындық

«Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, өңірде қысқа дайындық жұмыстарының қандай деңгейде екенін бағамдау мақсатында ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті баспасөз турып ұйымдастырды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Алғашқы нысан – «Шұғыла» шағын ауданы. Мұнда жылу құбырларын жанаулау жұмыстары жүргізілуде. Диаметрі 273 мм, ұзындығы 200 метр жылу құбырын аустыру «Қызылорда жылу электрорталығы» МКК-ның өз қаражаты есебінен жүргізілуде. Бұл жұмысқа 4,5 млн теңге

жұмсалуда. Айта кетелік, тозығы жеткен жылу құбырлары қыс мезгілінде сыр бере бастаған. Бірнеше мәрте жарылғанын айтпағанда, көпқабатты үйлерге жеткізілетін жылу температурасының төмендеуіне әсерін тигізе бастағаны тағы бар. Атықарылған жұмыстар нәтижесінде шағын

аудандағы 7 көпқабатты үйге және «Ақмешіт» институты ғимаратына орталықтан жылумен қамтамасыз етуде еш кедергі болмайды. Мұнан кейінгі мәселе тұрғындардың жауапкершілігіне байланысты.

Екінші нысан – қаланың шет аймағында орналасқан №35, 37 жылу камералары. Мұнда облыс орталығын жылумен қамтамасыз ететін жылу магистралы бытыр «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жөнделуден өткен. Бұл қаланы жылумен қамтамасыз етуге ысырапқа жол бермеуге, сапалы жылумен қамтамасыз етуге ықпалын тигізбек. Мамандардың айтуынша, жаңа құбырлардың

жарамдылық мерзімі – 25 жыл.

– Жылу маусымына дайындық барысында мекеменің есебінен 57 млн теңге қаржы жұмсалып, 8,5 шақырым жылу құбырлары ауыстырылды. Жұмыс қыркүйек айына дейін толық аяқталады. Өткен жылы қаламызда «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 8 жоба жүзеге асты. Соның ішінде өткен жылы ұзындығы 5 шақырым жылу құбырларын ауыстыру нәтижесінде тұрғындарды сапалы әрі шығынсыз жылумен қамтамасыз етуге қол жеткіздік, – дейді «Қызылорда жылу электрорталығы» МКК-ның «Жылу желілері» филиалы директоры Б.Молдиданов.

Баспасөз турындағы соңғы нысанда қаланың шет аймағындағы электр желілерін жанарту жұмысының нәтижесін көрдік.

– Облыс бойынша барлығы 230 км электр желісі және 120 подстанция ауыстырылды. Жаңадан жүргізілген желілер қар мен жаңбырға төзімді. Сондай-ақ, 7300 үйге жана электрресетіткіш құралы орнатылды. Бұл жұмысқа 4,5 млрд теңге қаржы жұмсалды. Мұндағы мақсат – тұрғындарды жарықпен қамтамасыз етуге шығынсыз әрі сапалылыққа қол жеткізу, – дейді «ҚРЭК» АҚ басқарма төрағасы М.Кәрімбаев.

Жабық мекемедегі «Ашық есік» күні



Бүгінде облыстық қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемесінде 863 адам жазасын өтейді. Осы аптада сотталушылардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында облыс прокуроры Нұрлан Бижановтың төрағалығымен түзеу мекемелерінде «Ашық есік» күні өтті.

Ержан ҚОЖАСОВ.

«Ашық есік» күніне облыс әкімінің орынбасары М.Делмұханов, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Әлназарова, Ұлттық алдын алу тегінің облыстағы жетекшісі С.Тенізбаев, білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшылары мен үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

– Сотты болған адамды қайта қоғамға бейімдеудің маңызы зор. Қылмыс жасауға белгілі бір фактор әсер етуі мүмкін. Тұрмыстағы қиыншылық пен жетіспеушілік, күйзеліс пен адам бойындағы дағдарыс – олардың кейбіреуін осы жерге әкеліп отыр. Бүгін облыстық прокуратураның бастамасымен сотталушы азаматтардың талабын, ішкі ойын, мұң-мұқтажын білу мақсатында арнайы «Ашық есік» күнін ұйымдастырып отырмыз. Мұнда көбісі

мерзімінен бұрын шартты түрде бостандық беруді сұрайды, сонымен бірге, әлеуметтік мәселелер жағынан өтіншітер түсуде. Бақты мақсатымыз – жазаланушыларды өмірге бейімдеп, отбасына қауыштыру, қылмысты азайту, – дейді облыстық прокуратура үкімінің орындалуын қадағалау басқармасының басшысы Дарын Әбіш.

Шарада 100-ден астам сотталушы жекелеген талап-тілектері бойынша қабылдауда болып, қойған сауалдарына жауап алды.

– Бостандыққа шыққаннан кейінгі жұмыс мәселесі жайлы сұрағамыз нақты жауап алдым. Ағаш шебері, дәнекерлеуші, сантехник мамандығы бойынша арнайы орта білімім бар. Енді жазамды өтеп болысымен, тігінші болып, тігін цехында жұмыс жасағым келеді. Одан басқа бұрын өзім оқыған мамандықтар бойынша денсаулығым жарамды. Жаза бітісімен тігіншілікті оқып, жұмыс істеймін деген үмітім зор, – дейді сотталушы Қанат Камалов.

Айта кету керек, бүгінде түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың 82%-і жұмыспен қамтылған. Құқық бұзушылық 92%-тен 43%-ке, өз-өзіне дене жарақаттарын салу 8%-тен 4%-ке, яғни, екі есеге төмендеген. Сонымен қатар, ЗК-169/1, ЗК-169/5 түзеу мекемелеріне 4С форматындағы радиосигналды басатын заманауи құрылғы орнатылып, ұялы телефон құралдарын мекемелерге заңсыз кіргізу деректері тоқтатылған.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағанбетовтің қатысуымен брифинг өтті. Бірлестік төрағасы І жартыжылдықта атқарған жұмыстар жайын мәлімдеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Еңбек дауы туындамас үшін...

Қазіргі күні облыстың аумақтық кәсіподақтар бірлестігі 11 салалық кәсіподақта 1020 ұжымды біріктіреді, оның 83 проценті мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер. Өткен жылы 2 салалық кәсіподақ ұйымы – «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіподағы мен «YNTYMAQ» орта және кіші бизнес жұмыскерлерінің қазақстандық салалық кәсіподағы республикалық қоғамдық бірлестіктерінің облыстық филиалы құрылып, өз жұмыстарын бастап кеткен. Есепті мерзімде жұмыс күшінің саны – 347,9 мың адамды құраса, жұмыспен қамтылғаны – 331,4 мың адам. Жұмыссыздық деңгейі 4,8 процентті көрсетіп отыр. Жұмыспен қамтылған халық санына шаққанда кәсіподақ мүшелерінің үлесі осы жылдың 6 айында 28,4 процентке жеткен.

– Қазіргі уақытта 6005 мекеме мен кәсіпорынның ұжымдық шарттары тіркелуде. Облыс көлемінде 863 мекемеде төменгі жалақы көбейтілді. Түсінірме жұмыстарының нәтижесінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайтын нақты 16 кәсіпорында жалақы өсіру мәселесі күпталып, ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл жұмыс онан әрі жалғасын табады. Аймақта кәсіподақ ұйымы бар мекемелер мен кәсіпорындардағы еңбек кәуіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 628 өндірістік кеңес құрылды. Онда 658 техникалық инспектор қоғамдық жұмыс жасайды. Өндірістік кеңес құру жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында «Қауіпсіз еңбек» акциясы жарияланды. Акция аясында салалық кәсіподақтар мен әлеуметтік әріптестердің қатысуымен жұмыс тобы аудандарда, елді мекендерде қоғамдық бақылау жүргізетін болады, – деді Серік Сағитжанұлы.

Құрылғанына бір жыл


болған «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіподағы да бүгінде түрлі шаралардың жүзеге асуына ұйтқы болуда. Мәселен, Жастар жылына орай 7 маманға қайтарымсыз 500 мың теңгеден бір жолдық көмек көрсетсе, «7-20-25» бағдарламасы арқылы тұрғын үй алу үшін 2 маманға 1 млн теңгеден, 4 маманға 1 млн 500 мың теңгеден алғашқы жарнапұл төлемдерін берген. Бұл туралы «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіподағы облыстық филиалының төрағасы Асылхан Абылайұлы тілге тиек етті.

– Біздің бірлестіктің алдында бірқатар жоспарлар тұр. Соның бірі жуырда екі дөңгегіміз Жапония еліне барып, біліктіліктерін жетілдіреді. Сонымен қатар, алдағы уақытта ұйым мүшесі болып табылатын науқас балалары бар сала қызметкерлері мен орта буын өкілдеріне көмек беруді қолға алмақпыз, – деді ол.

Баяндамашылардың айтуынша, көптеген мекемелерде еңбек шарты жасалмайды, тіпті, жұмыс берушілер кәсіподақ ұйымын құруға қызығушылық танытпайтын көрінеді. Осы ретте, әрбір жұмыскер өз құқығын білсе дейді сала мамандары.

– Кез келген мекеме алдымен еңбек шартын жасауы тиіс, оны жұмысқа тұрып жатқан азамат та талап етуі керек. Өкінішке орай, еңбек шартын жасауға, жұмысшылар құқығын қорғайтын кәсіподақ ұйымын құруға мекеме басшылары селқос қарайды. Бұл дұрыс емес. Егер жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы келісім-шарт толық орындалса, қоғамда еңбек дауы туындамас емест еді, – деді қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық төрайымы Райқұл Байназарова.

Жұмыс соңында БАҚ өкілдері тарапынан бірқатар сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды.



Туған жерін түлеткен

Жалағаш ауданына қарасты Таң ауылы – ауызбірлігі мықты, азаматтары белсенді, ісі ілгері басқан елді мекеннің бірі. Ауылдың негізгі тіршілігі – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болса, оның ішінде күріш өсіруге басымдық берілген. Бұдан бөлек, бау-бақша егін, төрт түлдікпен төл өсіру жұмыстары да жүйелі жолға қойылған. Жалпы, ауылдық округ аумағында 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 1 өндірістік кооператив, 12 шаруа қожалығы бар.

Ғазиза ӘБІЛДА.



кешелік әріптестік аясында 90 орындық «Таң бөбегі» бөбекжайын ашты. Онда 24 адам жұмыс жасайды. Сондай-ақ, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдаланып, спортпен шұғылдануы үшін құны 40 млн теңге болатын спорт ғимараты мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында талапқа сай жабдықталып, пайдалануға берілді. Бұл орталықта дзюдо және таэквондо спорт түрлерінен 100 бала тәрбиеленуде. Ал 11 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Биылғы жылы екі ай кәлемінде ауылды көркейту-қоғалдандыру жұмыстарына атсалысқан 16 студентке «Таң ЛТД» серіктестігі 55 000 мың теңгеден еңбекақысын төледі. Әлбетте, бұл қолдау жастарды жігерлендіре түсті. Серіктестік ауылдағы тұрмысы төмен бір отбасына тұрғын үй салып берді. Ауыл, аудан көлеміндегі тұрмысы төмен азаматтар мен зейнеткерлерге тұрақты көмек беріп келеді.

Айтпақшы, ауыл тұрғындарының уақыт талабына сай кәсіпкерлікке бет бұра бастағаны көңіл қуантады. Олай дейтініміз, бүгінде кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы 12 азамат тіркеліп, «Бизнес Бастау» және «Бизнес-Кенесші» жобалары бойынша қысқа мерзімді оқу курстарын аяқтады. Оның ішінде 11 азамат несие алып, кәсібін кіріскен. Жалпы, 90-нан астам ауыл тұрғыны жеке кәсібімен тұрмысын түзеіп, тірлігін жолға қойған.

«Ауылдың көріп, азаматтың таны» деген халқымыз. Осы сөздің астарында үлкен мән бар. Облыстық мәслихат депутаты Имамзада Шағыртаевтың туған жеріне туын тіккен азамат. Сол тудың бетіне көлекке түспесін деп күні-түні еңбек етіп келе жатқанына да ел-жұрты куә. Елге еткен еңбек еш кетпейді. Оның әрбір игілігі ісі жоғары бағаланып, 2015 жылы Елбасы Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Мұны ерекше азаматтық ұстаныммен елге еткен еңбегіне берілген әділ баға деп білеміз. Бұл марапат ерекше азаматтық ұстаныммен туған жерге деген перзенттің парызының айқын дәлелі.

Кәсіпке шындап бет бұрған И.Шағыртаев жылдан жылға егіс көлемін арттырып, сапалы өнім алу мақсатында күріштің жаңа сорттарын өндіруді қолға алды. Алдымен шаруашылықты соңғы үлгідегі заманауи техникалармен жабдықтауға көңіл бөлді. Еңбек өнімділігі едәуір арта түсті. Бастапқыда елу-алпыс адамды еңбекпен қамтыған шаруашылық енді екі жүздей тұрақты еңбеккері бар іргелі құрылымға айналды. Бүгінде күріштің жоғары сорттарын өндіріп, экспортқа шығарып отыр.

«Таң ЛТД» серіктестігі өткен жылы құны 150 млн теңгені құрайтын, тәулігіне 100 тонна кара күріш ақтайтын зауытты іске қосты. Мұнда қазір 20 адам еңбек етеді. Бұдан бөлек, іске қосылған мал сою және ет өнімдерін бұмалау цехында тәулігіне 16 бас ірі кара сойылып, 1000 данаға жуық консерві өнім дайындалады деп жоспарлануда. Серіктестік төрағасы жұмысшы-механизаторлардың еңбекақысымен уақытылы есептесіп, жыл қорытындысымен оларға жоғары сыйақылар тағайындап, әлеуметтік тұрғыда әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Мәселен, сыйлыққа тұрмыстық бұйымдардан бастап, жеңіл автотөліктерге дейін беріліп келеді.

Өзіміз куә болғандай, ауылдың кіреберісіндегі «Жана қо-

ныс» елді мекені аумағынан үш жарым гектар жерге егілген 8 мыңнан астам түп алма ағашының күтімі жақсы, біртегіс көктем түр. Бұған дейін БҰҰ Даму бағдарламасының бірыңғай жобасы шеңберінде балама энергияны пайдалану және оазистік суару әдісімен 10 гектар жерге алма ағаштары отырғызылса, 6 гектарына басқа да бақша дақылдары егілген болатын. Жобаны жүзеге асырып отырған «Манақ баба» фермерлік қожалығы тамшылатып суару әдісімен егілген бау-бақшаның болашақта мол жеміс беретініне сенімді. Әлемдік тәжірибе негізінде қолға алынған жоба ауылдың ғана емес, аймақтың экономикалық ахуалын көтеруге сеп болмақ.

Ауыл шаруашылығын қолдау бағытындағы мемлекет бастамаларына дер кезінде үн қосып, іргелі істің иінін тапқан Имамзада Шағыртаевтың бүгінгі таңда кәсібін өркендетіп отырған жайы бар. Ауылды абаттандыру бағытында да алдына қойып отырған жоспары ауқымды. Оның біршамасын осы күні жүзеге асырды. Айтпалық, көп жылдардан бері ауылдағы өзекті мәселенің бірі балабақша болатын. Осы орайда 2017 жылдың желтоқсан айында ауыл ішіндегі ескі балабақша ғимаратына «Таң ЛТД» ЖШС тарапынан 200 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік-же-

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Жүргеновтің жасампаз жолы

Өзбекстандағы Қазақстанның мәдениеті мен өнері күндері аясында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, облыс әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен Ташкент және Новои қалаларында бірқатар іс-шаралар өтуде. Іссапардың мақсаты – екі ел арасындағы мәдени байланысты одан әрі дамыту, қазақ жұртының мәдени мұрасын, ұлттық өнерін насихаттау.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Шара барысында Өзбек Ұлттық академиялық драма театрында Мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қорының төрағасы С.Аңсаутовтың ұйымдастыруымен «Орта Азия мен Қазақстанның білім мен мәдениетін дамытудағы Темірбек Жүргеновтің жасампаздық жолы» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өтті.

Сонымен қатар, өзбек театрында облыстық тарихи-өлкетану музейінің С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы өңірдегі қылақалам шеберлерінің 50-ге жуық картинасынан құралған көрме ұйымдастырылды. Сыр елінің суретшілері туған жердің табиғаты мен салт-дәстүрі, қазақ елінің құндылықтары мен ұлы тұлғалары тақырыбында салынған суреттерін көпке ұсынды. Өлке өркені мен тарихын насихаттайтын туындылар көрмесіне қатысқан қонақтар ықылым заманнан жалғасып келе жатқан қазақ елінің ұлттық құндылықтары мен тағлымды тарихының келешек ұрпаққа үлгі болатынын айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Мұнан бөлек, өзбек Ұлттық академиялық драма театры сахнасында Сыр өнерінің кара шаңырағы – облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының өнерпаздары Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» тарихи драмасын көрерменге ұсынып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Ал Новои қаласы «Фархад» мәдениет орталығында бауырлас халыққа

қазақ жұртының мәдени мұрасын, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында облыстық филармонияның Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, жеке орындаушылары мен Сыр елі жыраулық өнерінің өкілдері және «Томiris» би ансамблінің қатысуымен «Сырдария – достық арнасы» атты үлкен концерттік кеш өтті. Салтанатты кеште бас дирижер, «Құрмет» орденінің иегері Кеуілжіай Ботабаев, дирижер «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Күлдәрі Избанова өнер көрсетті. Қорқыт, Түркеш, Құрманғазы, Әлшешкей сынды дала композиторларының туындылары орындалды. Әсіресе, Сыр бойында сақталған ерекше феномен – көмей тілді қозғай жырлайтын музыкалық мәдениетіміздегі ең көне, ең күрделі өнерімізді бауырлас

бұйырғаны үшін қуаныштымын. Өзбекстан еліндегі Қызылорда облысының күндері аясында өткізілген шараларға келген қонақтардан көп алғыс пен ризашылық алдық. Олар Қазақ елінің, оның ішінде Сыр өңірі өнер шеберлерінің туындыларына, актерлік шеберліктеріне танданыс білдіріп, керемет әсер алғандарын айтты. Жоспарланған шараларды өз деңгейінде ұйымдастырып, өткізгені үшін облысымыздың өнер шеберлері мен сала мандарына үлкен алғыс білдіремін, – дейді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова.

Осылайша, Өзбекстандағы кеште көпшілік қазақ өнерінің ұлы қасиетіне тәнті болып, ұйымдастырушыларға зор алғыстарын білдірді.



Әлемдік мұнай нарығы:

ол қандай сипатта дамиды болады?

Қазақстанның бюджеті мұнай нарығындағы жағдайға тәуелді болғандықтан, әлемдік бағаның құбылуы макроэкономикалық көрсеткіштерге айтарлықтай ықпалын тигізеді. Сонымен бірге оның теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамына ықпал етуі әбден мүмкін. Сонымен мұнай нарығындағы жағдай не көрсетіп отыр? Ең соңғы дерек бойынша «бренд» маркасының құны барреліне 52 долларға тұрақтады. Бұл жыл басынан бағаның барынша төмендеуі болып табылады.

ОПЕК (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) және оған мүше емес мұнай экспорттаушы мемлекеттер екі жылдан артық уақыттан бері өзара келісім бойынша мұнай экспортын азайтып жатқанына қарамастан, нарықта әлі де тепе-теңдік сақталмай тұр. Сонымен бірге АҚШ-тың өндірісті жыл санап арттырып жатқаны осыны да қымбаттата алмай отырған «кара алтын» құнын одан сайын төмендетіп отырған сыңайлы.

Жыл басында Сауд Арабиясының энергетика министрі Халид әл-Фалих нарықтағы ұсыныс пен сұранысты теңестіріп, бағаны көтеру үшін ОПЕК+ шартының жалғаса беретінін айтты. Саудиттер алдағы уақытта мұнай өндіруді тәулігіне 10 млн баррельге түсіретінін мәлімдеген еді. Келісімнің негізгі екі ірі мүшесі Саудия мен Ресей өндірісті қысқартуды кемінде шілде айына дейін жалғастыру туралы мәлімдеген болатын. Ақпарат құралдарының мәліметінше,

Сауд Арабиясы 2019 жылдың екінші жартысында да келісімді сақтап, өндірісті азайту ниетін білдіріп отырған сыңайлы.

Өз кезегінде Ресей де келісімді артығымен орындап, бағаның көтерілуіне мүдделі болып отыр. Ал тағы екі ірі экспорттаушы Венесуэла мен Иран ОПЕК+ келісімінсіз АҚШ-тың қысымына байланысты қолдарында бар мұнайды сата алмай отырған жайы бар.

Нарықтың тағы бір ойыншысы – Біріккен Араб Әмірлігінің мұнай министрі Сүхейл әл-Мазруи ОПЕК+ келісімінің бүгінге дейін 119%-ке орындалғанын айта келіп, Әмірліктің өндірісті тағы 115 млн баррельге азайтатынын айтып, нарықта тепе-теңдік орнап келе жатқанын мәлімдеді.

Сарапшылардың пікірінше, мұнай өндірісін тежеу туралы ОПЕК+ келісімін орындамай отырған мемлекет тек Қазақстан секілді. Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың өзі Қа-



зақстанның аталған келісім аясында тәулігіне әрі кетсе 1,885 млн баррель өндіруге тиіс екеніне қарамастан, жыл басынан бергі орташа өндіріс 1,88 млн баррельді құрағанын айтып, көрсеткіштің уақыт өткен сайын өсіп келе жатқанын мәлімдеді. Мәселен, қантарда өндіріс көлемі тәулігіне 1,885 млн баррель болса, ақпанда көрсеткіш 1,893 млн баррельді құрады. Дегенмен, жылдық көрсеткіште өндіріс былтырғыдан 1,4 млн тоннаға

кемітінгі бұрын айтылған еді. 2018 жылы 90,4 млн баррель «кара алтын» өндірген Қазақстан биыл 89 млн-нан асырмайтын сыңайлы. Оның өзінде бұл ОПЕК келісімін сақтау үшін емес, «Теңіз» бен «Қашағанда» жөндеу жұмыстары жүргізілетіндіктен өндірісті бұдан асыруға мүмкіндік болмайды.

Министр Қазақстанның бар болғаны 20 мың баррель артық өндіріп жатқанын айта келіп, алдағы уақыт-

та шарт талаптарын орындайтынын, сойтіп өндірісті тәулігіне 40 мың баррельге азайтатынын айтты. Бұл Қазақстанның ОПЕК+ шартын алғаш рет бұзғы емес, келісім қабылданғанды бері екі жылдан артық уақытта уағдаласқан мемлекеттер бірнеше рет Қазақстанның келісімге неміқұрайлы қарап, міндеттемесін орындамай отырғанына шағымданған болатын. Сарапшылардың пікірінше, өнім қысқарту жөніндегі келісім қатып

қалған догма емес, бұл орайда әркімнің өз мүддесі бар. Қазақстанның өнім көлемін төмендету келісімін орындамауы осындай қажеттіліктен туындап отыр.

2018 жыл мұнай бағасының тарихтағы ең құбылмалы кезең болды. Жыл басын 65-70 доллардан айналасында бастаған «кара алтын» құны күзге қарай 80 долларға жақындаса, желтоқсанның басында 53 долларға дейін түсіп кетіп, жылды 60 доллармен жапты. Осылайша, жылдың орташа бағасы шамамен 72-73 доллардың айналасында болды.

Биыл баға 60 доллардан төмен түспеуі мүмкін деп болжанғанмен, тамыздың 12-де 58 долларға түсті. Қазір 52 доллар.

Алдағы уақыттан не күтеміз? АҚШ Энергетика агенттігі 2019 жылдың орташа бағасын 63 доллар деп болжаса, Дүниежүзілік банк биылғы бағаның 67 доллар болатынын мәлімдеді. АҚШ энергетика агенттігі бірнеше институттардың ішіндегі ең пессимистік жорамал жасаса, Дүниежүзілік банктің болжамы ең жоғары көрсеткіш. Яғни, биыл баға 63-67 доллар дәлізінің ішінде болуы тиіс.

Болжамдар жалпы, Қазақстан және бюджеті мұнай кірісіне танылып отырған бірқатар елдерге тиімді. Әрине, олар шындыққа айналса...

Ж.ӘЛМАХАН.

Көрнекті қазақ жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оразбек Сәрсенбайдың халқымыздың әдебиеті мен руханиятына сіңірген еңбегі мол. Ол кісі тірі болғанда үстіміздегі жылдың 20 тамызында 81 жасқа келер еді.

Фәлсафалық, мағыналы оймен пайымдалып, көркем сөзбен зерделенген рисаларында Оразбек Сәрсенбай данышпан Абайдың «Ғақлия сөздерін» әрі қарай жалғастыра отырып, жаратылыстанудың көптеген ғылыми зерттеулерінің, физика заңдылықтарының, адамзаттық рухани, діни қазыналарының үлгілерін арқау етіп, өз дүниетанымын айшықтаған екен. Осы шағын әңгімелердегі көркем ой иірімдері мен салықалы көзқарас Шығыс ойшылдарының біртұтас қарайтын өлшемдері: Сана, Жан, Рух атты тылсым жаратылыстың ғажаптығы мен үндестіктерінің сыршыл әлеміне деген оқырманның құштарлығын арттыра түседі. Ол сегіз мың ғаламды жаратқан Құдіреттің құпиясын ешбір жұмырбақты жан несі аша алмайтыны белгілі. Ұлы Абай айтқандай: «Алла тағала өлшеусіз, біздің санамыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге бола ма?» Адам баласының маңдайына Жаратушының міндеттерін орындап, ақ жолынан ауытқымай жүру ғана жазылған екен. Бірақ Алла Тағала ерекше ықыласы түскен, сүйген құлдарына жаратылыстың құпияларының кейбір сырынан хабарлар ететін сияқты. Олар кімдер, қандай қасиеттерімен, іс-әрекетімен Құдіреттің назарына ілікті екен? Адамзаттың руханият саласындағы ізденістеріне сүйене отырып, жазушы Оразбек Сәрсенбай бұл сауалдарға да өзіндік көзқарасын орамды пікірлерін өрбіткен. «Адамның қуны қанша?», «Әл-Фараби формуласы», «Сопылар салты», «Керемет пен сиқыр немесе Алланың жүзінші есімі», «Баракат иелері», «Табыну мен тағұттың арасында», «Әулиелер әулеті», «Махаббат пен ғалауат», «Қанағат қағидалары», «Қандастар», т.б. атты бұл рисалар сананының сәулесі бар жанды тылсым әлемнің бір бөлшегі – адамның жаратылысы сырын пайымдауға құлшындыра түсері хақ.

Төленбей қалған ақысы. Кісі ақысы ғой. Ауыр күнәға бату деген міне, осы!» деп қаламгер ағамыз сөзін Абайдың мына ойымен қорытады: «Білместіктен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жыпы алып кетерлік қайрат қазаққа кем болады». Қай заманда болмасын адамның жаратылысы өзгермейтінін дәлеліндей емес пе Абай ағамыздың бұл жанаикайы?! «Адамның қуны қанша?» атты рисаладағы кемелгер Абай, Сәрсенбай тақуа, Оразбек жазушының ой үйлесімдеріне қарап, санасының сәулесі, жүрегінің оты бар, жаны нұрлы, ізгі ой иелерінің бұл өмірге адамзаттық көкірек көзін



ЖАРАТЫЛЫС СЫРЫН ЖАН БЕСІГІНЕ БӨЛЕГЕН

ашып, жақсылықтың дөнін себу үшін келетіндігіне тағы да көзін жетеді. Ал парасаты биік, жаны жомарт жандардың, көбінесе, қара ниеттілерден асап шегетіні жайлы ғасырлар бойы бүкіл өмірнамаларда айтылып, небір тұжырымдар жасалып та келеді. Мұның ұғымтайтын қандай сыры бар? Сонда аларын алып тынбайтын алаяқ, арам пейіл несімен күшті, оларды аузыдақтайтын кім? Ал, ешкімнің ала жібін аттамай, шүкіршілікпен өмір сүріп жүргендер неге әрекетсіз, қамсыз, сондайлардан онық жей береді? Бұл мәңгі сұраққа жазушы ағамыз да жауап іздеп, көптеген философ, діни ғұламалардың, психолог-ғалымдардың, эзотериктердің еңбектеріне үілген екен.

«Атам заманғы ақылмандардан бастап бүгінгі білімпаздарымызға шейін адам табиғатындағы қарама-қайшылықтарды зерттеуге, түсінуге тырысса, небір заңғар жазушылар мен даңғайыр ақындар бәріннен асып-түсіп ғалам көлеміндегі ең күрделі, ең ғажапай жаратылыстағы жататын осы құбылыстың нелер қыртыстары мен терендерін ашып-ақтарып, өшпес, көнермес бейнелерін жасады. Бірақ бәрібір осы уақытқа шейін адам өзін-өзі толық танып үлгірген жоқ. Оның себебі түсінікті де: қанша мадақтағанмен, адам – бәрібір жаратылында, демек, өзге де жаратылыс сияқты ғаламның бір бөлшегі, бәлкім, бірден-бір жаны бар, тірі санасы да бар тіршілік иесі. Жаратылыс болғандықтан, біздің ұлық Жаратушымыз бар екені хақ. Ендеше біздің толық сыр-сипатымызды білетін Сол ғана», – деп келе, қаламгер бағызы заманда өмір сүрген Ислам ғұламасы әл-Газалидің «Амал өлшемдері» атты кітабындағы «кәмил адам» деген ұғымға тоқталады: – Бұл ғұламаның кәмил адамды тануда оның амалдарымен өлшенеді ғой, балам!» – дейді. Бұл аксиома-ойдың астарында тұңғыш ғұмырнама жатқаны саналы жанды ойлантыр сөзсіз. «Амал – ниет пен әрекеттің бірлігі. Адам не істесе де, әуелі ниет қылады, содан соң әрекетке барады. Ен зор күнә – кісі ақысын жеу және біреуге қиянат жасау! Біреуге ақын кетсе кетсін, өзгені ақысын жеме, ешкімге қиянат жасамас!» – деген Сәрсенбай ақсақал сияқты халқымыздың ұлағатты ата-екелерінің ықпалымен заманан бері айтылып келе жатқан қатаң ескертпесі бала кезден әрбір түйсікте сақталып қалуға тиіс адамгершіліктің кодексі болуы керек қой, бірақ өкінішке орай, бұл тағылым барлық баста сақтала бермейді-ау. «Кісі көз жасы жібермейді» деген қазақтың макалының астарында, әрбір адам – саналы жан, ал, Жаратушы – шексіз сана иесі, адам оның бір бөлшегі, «адамға жасалған қиянат, Алланы ренжіткенмен бірдей» деген қағида жатқан болуы керек.

Жазушы Оразбек Сәрсенбай тағы да кемелгер Абайға жүгінеді: «Ұлықтар алып берем деп – дауғерді еж, құтқарам деп ұрып жеп жүр... Мен сені бүйітіп сүйеймін деп, мынаны да ананы да жеп жүр». (Он бірінші сөз). «Сондағы бәрінің жетіргендері – сол бәз бағамы кісі ақысы, еңбексіз табылған арам пайда, тегін табыс, Карл Марксше айтсақ, «қосымша құн», астары – «төленбеген өтемақы» немесе, жекеменшік қожа-йының тарапынан қарауындағы жұмыскер қауымының еңбегі үшін

Құдіреттің кітабында неге жақсылық жамандықтан артық көрсетілген деген сұрақ туады. Адам өміріндегі жақсылықтың алатын орнын, мағынасын ерекше үстемелеп көрсету үшін бе? Әлде жамандыққа қарағанда жақсылық шынменен көп болғаны ма? Мүмкін жақсылық бірден көзге түсе бермейтін шығар, шындық неге жалғандықтың тасасында қалып қоя береді?» деген сауалдарға баласы жауап іздеп, тағы да тақуа екені әңгімеге тартып, пікірталасқа жетелейді: «Өмірде ауызша айтылатын шындық бар, ауызша айтылып қана қоймай, әрекет-амалға ұласатын шындық бар. Мұның екеуі де маңызды», деп тақуа өке ойын салмақтай түседі, – «ойткені, мұның екеуі де екінің бірінің қолынан келмейтін құбылыс. «Ауызы күйген үрлеп ішеді» емес пе, балам? Біз әне бір үндемес мекеменің індегіштері билеп-төстеген заманда, дым білмегендей, дыбысымызды шығармауға үйрендік. Кейде сол үндемей қоюдың өзі де әжептәуір әрекетке жататын күнделі болған. «Көргем жоқ, білгем жоқ, естігем жоқ», – деп талайларды қиянаттан

Сондай-ақ, қазақ тарихындағы жасампаз тұлғалардың жанынан табылған атакты жырларымыздың көпшілікке ықпал еткен көсемдері нағыз пассионарлар болғанын, ал Кеңес дәуірінде саяси пассионаризмге жол берілмегенін жазған екен қаламгер ағамыз. Бірақ сол рух пен сана қыспаққа түскен кездің өзінде Бауыржан Момышұлы сияқты «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деп халқына рух берген, елінің, жұртының бақыты жолында өздерінің жанын құрбан еткен, осы жолдан таймай, қаншама ор тұлғаларымыз өтті дүниеден! Оның ішінде «Алаш» зиялыларының алар орны ерекше.

Сопылық ілімінің құпияға толы ғажаптарынан сыр шертетін «Сопылар салты немесе тақуалықтың тура жолы» атты рисалада Оразбек ағамыз осы ерекше ілімнің қай жақтан бастау алатынын, оның қағидалары мен ішкі сыр-құпиялары, ағамдары мен салалары, тақуалық жайлы ауқымды да терең ой-тұжырымдарын кенінен қозғаған.

құтқарғандар бар. Әр нәрсенің аңысын аңдып, ақырын күтіп жататын да уақыттары болады. Ондай тәсіл, кейде, көңілді сенген нәрсені алдын ала отқа апарып түсіріп, қүйдіріп алмас үшін, пісігендей шікілей солдырмас үшін қажет», – деп әдетте өз пікірін ашық айта бермейтін өке, бұл жолы өз ойын бүкпелепті.

Осы көзқараста Кеңес заманында небір зұлматтарды бастан кешірген, ешкімнің обалына қалмауды, ұрпағына кесірін тигізбеуді ойлаған саналы азаматтарымыздың психологиясы жатыр. Иште қайнап жатқан аласапыран сезім тасқындарын сана қуатына бағындыра білу, көкіректі керілеп тұрған ашу-ызаны сабырмен ауыздықтау, сөйтіп, алды-артын ойлап, салықалы шешім қабылдау, бұл – жан сақтау тәсілі де шығар, бірақ қорқақтық емес, ақылдылық, көрсенділік, обал-сауапты білгендік.

Алла тағаланың: «Мені сүйсең, ең алдымен менің пендемді сүй» деген ескертуін мүлтіксіз орындап, ешкімге де титтей қиянат жасмай, адамзаттың, халықтың, елдің тілеуқоры, жанашыры болып, Жаратушы сілтеген ізгі жолдан таймай, пәктіктің, зор сенімнің, биік саналық өлшемдердің қуатынан нәр алып, Шығыс діни руханиятын жан азығы етіп, тақуалық жолдан айнымай ғұмыр кешкен Сәрсенбай қарияның да ғұмыры – биік Сана жолы. Әр пенде өз көтере алатын жүк артылады. Адамзатқа Жаратушы әр ғасырда қажетті рухани ұстаздарды, бағыт-бағдар сілтеп тұратын тұлғаларды жіберіп тұратын болуы керек. Осы жерде Оразбек ағамыздың пассионар тұлғалар жайлы және бір рисаласына тоқталайық. Әйгілі орыс еurasияшыл тарихшы-ғалымы Лев Гумилевтің «пассионарлар теориясы» көзі ашық жұртшылықтың бәрі біледі.

Пассионар тұлғалар елдің тарихын жасайтынын, әрбір дәуірді өзіндік ерекше сипатқа бөлейтін, олардың адамзатқа үлгі болып қала беретінін Л.Гумилев өзінің «Этногенез» атты еңбегінде жалғастырып, дамыта түседі: «Мұндай «сәуле жарқылы» тап болғандар өз пайдасы мен жер бетіндегі рахаттан бас тартып, олар үшін қорқыныш пен тыныштық деген мүлдем жат ұғым» деген бұл ғалымның зерттеуін зерделеп келе, Оразбек ағамыз «Қазақта пассионар тұлғалар бар ма?» атты рисаласында Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы мына ойын келтіреді: «Все это могло быть интересно, если бы мы признавали божественную власть, основанную на самой себе и всегда одинаковую, управляющую своими народами через Наполеонов, Людовиков и писателей». «Кемелгер Л.Толстой жер бетінде Құдайдың қалауын жүзеге асырушы тұлғалар қатарына жазушыларды текке қосып отырған жоқ шығар. Лев Гумилев те пассионарлар тізімінде ерте дүниедегі атакты шешендерді атап кетеді. Сол шешендерің біздің қазақтың орақ ауыз, от тілді ескі билерін еске түсірмей ме? Демек, саяси-әлеуметтік пассионаризммен қоса қабат рухани пассионаризм де өмір сүретінін шындық. Әрбір өзгерістермен құбылыстар әуелде рухани пассионаризмде көрініс табады емес пе? – деп келе, ол араб халифатының құрылуы мен мұсылман әлемінің пайда болуы негізі – Мұхаммед (с.ғ.с.) бастаған діни, рухани пассионаризм екенін айтады.

ры. Нағыз шын әулие сопылар бірінші жолды таңдап алады. Олардың екінші жолмен жүрушілерге (бақсы, балгерлерге) жұлдызы қарсы. Сопылар әдетте кереметтерін құпия ұстайды. Кереметтердің өздігінен тұмайтынын, бұл жолда талай тер төгіліп, қыруар еңбек жұмсалатынын, сопылық ілім жолын қушылардың астрология, алхимия, математика, космология, магия саласындағы ежелгі еңбектері мүқият пайдаланатынын аңғару қиын еместігін жазған. «Шын сопылар таза тақуа болып қана қоймай, екі дүниедегі ақиқатқа қызмет етеді. Махаббат – сопылық философиясының негізгі ұстыны, қазығы. Алланы сатуға, махаббат арқылы құшылық ету ләзім саналады» деген қаламгер, сопылық ілім жайлы толғауында күрделі жаратылыстың сырынан шертіп, көкірегі мен санасы ояу жандарға ой салады.

Ал, енді халқымыздың дүниетанымына жақын «әулиелік» – киелі ұғым жайлы Оразбек Сәрсенбайдың кенінен зерделеген «Әулиелер әулеті» атты рисаласына тоқталайық. Мұнда әулиелік қасиет негізінен адамның ішкі рухани бітіміне қатысты екенін, діни таным бойынша рух пен жан – екі

түрлі құбылыстар болып табылатынын, рух – адам дүниеге келмей тұрып, әлденеше мыңдаған жылдар бұрын жаратылыса, жан – адам жарық дүниеге келген соң барып денеге кіретіні жайлы оқығанын айта келе Оразбек аға: «Еуропалық сәуегейлердің кейбіреуі жалпы адам атаулы алдымен астральдық (эфирлік) әлемде пайда болады, кейін ана құрсағынан шыққан соң сол астральдық өмірде өткенін жер бетінде қайталап шығады екен» деп жазатынын, мұндай болжамның исламдық дүниетанымымен үндестік табатынын алға тартады. «Егер адамның рухы алдын ала жаратылатын болса, ол әрі ондаған, жүздеген мың жылдар бойы әлемнің тұңғыш бір түкірінде нұрдай жарқырап жанып тұрары рас болса, онда ұлық жаратылыстың өзі адам бойындағы күш-қуат көзін, қазіргі тілмен айтсақ, космостық энергияны әуел бастан өлшеп-пішіп қойғаны ма? Бұл, әрине, физикалық дене қуат жайлы емес, рух пен жанға жазмыштан дарыған, оның генетикалық қодына кірген ерекше қасиеттер туралы. Әйтеуір, әр адамның бойында болмысына шақталып берілген «космостық» көзі бар екені анық. Бәлкім, әулие атанған бабаларымыз осы космостық (немесе ноофералық) қуат-күшін өмір-тірлікте емін-еркін пайдалана білген бе екен деген ой туады. Мұның анық-қанығын біз білмейміз. Біздің қарапайым түсінімімізше, көзге көрінетін болмыстардың барлығы қандай анық болса, көзге көрінбейтін болмыстардың бар екеніне күмән жоқ. Әулиелік қасиеттер, сірә, көзге көрінбейтін болмыспен қоректеніп, көзге көрінетін тіршілік аясында өмір сүрмек болар» деп Оразбек ағамыз адам жаратылысы ішіндегі осы әулиелік қасиеттің болмысы туралы ежелден қазіргі күнге дейін зерттелген әртүрлі ғылыми, діни дәйекті тәжірибелерге сүйене отырып, көптеген өмірден алынған мысалдар келтіреді.

Ислам дүниетанымы бойынша адам бойында үш түрлі көз болатынын, олар: 1. Қадімгі көз, 2. Заһир көз, 3. Батин көз – бұл шын әулиелерге тән қасиет екенін, бұл көз әулиелердің қолтығының астында болатынын айтады. Мұндай керемет несі өткен-кеткенді, алыс-жақынды түгел көріп отыратындығын, бірақ Ислам дәстүрі бойынша, олар, әдетте, келешекке болжам жасамайтынын, біле тұрса да, осы қағидалық бұлжындап сақтауы керек екендігін, өйткені, болшақ – әуелден Алланың өз ықтиярында, ал Алланың еркіне араласу – зор күнәға жататынын айта келе Оразбек ағамыз, – әулиелер өз кереметтерін көзінің тірісіне ғана жасай алатынын, өлген соң – ол да Құдайдың құлына, әруаққа айналып, артынан оқылатын дұғаға мұқтаж болып Алланың рахымымен күтушілер қатарына кіретінін ескертеді.

«Біздің қазақтың әулиелік туралы ұғымында қияли қоспалар көп. Көш бастаған көсем де, топ жарған шешен де, ел қорғаған бағыр да – бұл дүниеде өтіп, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте киелі әруақтарға, әулиелерге айналып кете барады. Ал шын мәнісінде, әулиелік пен әруақ сыйлау – екі басқа ұғым. Әруақ – жанның жоғалып кетпейтіндігін, өлмейтіндігін білдіретін ұғым. Оның басқадай сипаты жоқ. Әруақ тірілерге көмекке келе алмайды, кедергі де жасай алмайды. Әруақтарды қие тұту, әулиелерге сыйынып, жалбарыну – шынында

шамандық сенімнің қалдықтары», – деп, Оразбек ағамыз бұл әңгімесін қорытындылайды.

«Керемет пен сиқыр немесе Алланың жүзінші есімі» атты рисаласын автор: «Базбір Шығыс ғұламаларының пікірінше, Адам Ата мен Хауа Ана заманынан ақырет күніне дейін адам баласы төрт түрлі дәуірді басынан өткермекші екен. Осы уақытқа шейін соның екеуі арта қалса керек, олар жер апаты мен су апатымен аяқталыпты. Осы екі дәуірде де адамзат қоғамы айрықша өркенітеп жайып, көктегі және жердегі дүние құпияларын игере бастаған, ғылым-білімнің дамығаны соншалық, адамдар табиғатты аттай ерттеп мініп, қажетіне жаратқан, ойына келгенін істеген. Сол кездің өзінде-ақ олар айнала жаратылыста кездесетін энергия қуаттың барлық түрлеріне (физикалық, биологиялық, психологиялық, космостық, т.б.) құрық салып игерген болса керек-ті. Бірақ жаратылысты еркін тұтына бастаған Адам Ата ұрпақтары бірте-бірте сол жаратылыстың шын иесі кім екенін де естен шығаруға айналды. Жер бетін имансыздық пен ұлымдық жайлайды. Содан мүлдем шектен шыққан тұстарда Құдіреттің қанарына ұшырап жер бетіндегі саналы тірлік иелері екі мәрте харап болған екен. Бұдан бұлай адамзатты от апаты, жел апаты күтіп тұрса керек. Бірақ ол сұмдықтардың алыстауы мен жақындауы – бүгінгі пенделердің құлқы-пейіліне тәуелді көрінеді», – деген ой-болжамдары арқылы жазушы адамзатқа ой салады. Өрмен қарай қаламгер адамның мүмкіндіктерін, пайғамбарлардың көрсеткен бағыттары – мұғжизаларынан, өзге де ерекше жаратылған пенделердің аңыз сияқты көрінетін кереметтерін небір көріністерді мысалға келтіреді. «XX ғасырда ашылған А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясына жүгінесек, космостағы уақыт пен күн жүйесінде қалыптасқан уақыттың арасы ақыл жетпестей алашақ өлшемде жатады. Ендеше қас-қағым мезгіл ішінде әлемдік кеңістіктің бір бұрышын аралап қайту – астрономиялық өлшем жағынан қарағанда әбден мүмкін оқиға. Бүгінгі дүниетану ғылымы «уақыт, кеңістік, материя» атты үш құрамнан тұратын физикалық-философиялық ғылыми категориялар арақатынасын түгел ашақ түгіл, әл-әзір маңына маңайлап барып жүр емес пе? Космостық кеңістіктің галактикалар арасындағы бос қуыс емес, тұтылған жібек перде секілді, әрлі-берлі жылжитұға келетін, әлемдік тартылыс заңына бағынатын «материалдық» өлшем екенін енді енді ғана түсіне бастаған жоқпыз ба?» – дейді жазушы аға Оразбек Сәрсенбай. Мұндай қорытынды ойды айту үшін наным-сенім ғана емес, салыстырмалы жүйелі ғылыми білім керек екенінің дәлелі ретінде автордың ой ағымына осы үзінділер келтірілді.

Бұл рисалада өткен-кеткен ғана емес, қазіргі заманымыздың өзінде болып жатқан адам танғаларық оқиғалар да жеткілікті, соның бірінде Ауған соғысына қатысқан алматылық Олег Рубецтің айтуы бойынша, қолына Құран ұстап шыққан ағуандық жауынгер еселет қосалттарының қарсы алдына, бір шоқының басына шығып алып, тұра берді, оған әскерлер жан-жақтан оқ жаудырады, аны сонда да «мыңақ» етпей, біраздан кейін аман-есен кейін бұрлып кете барады. Тура осыған ұқсас жайт Грозный қаласында да орыстардың оғының астында тап-жылмай тұрған шешен терроршысы жайында Мәскеудің НТВ арнасында емханада жатқан бір орыс офицерінің сұхбатында айтылған екен. «Мұны зерттеушілердің айтуы бойынша», – дейді автор, – бұл екеуі де қазіргі ғылымның зіріше толық қолға жетпей тұрған голографиялық бейне әдістерін менгерген деген болжамға саяды. Осы теорияны шындыққа жақын деп есептесек, жанағы ауған да, шешен де – екеуі де адамның өзі емес, голографиялық сурет көшірмесі болып шығады. Ал сонда олар голографиялық көшірме суретті қалай жасайды, оны қандай әдіспен қозғалысқа келтіреді, қандай энергия, қуат-көздерін пайдаланады? Мұндай сұрақтың ешқайсысына әзір тиянақты жауап жоқ», – деп түйіндейді ізденіске толы ой-болжамдарын інкәр жүректі ғұлама – жазушы Оразбек Сәрсенбай.

Шығармашылық еңбегімен қатар жұртымыздың діни-имани сауатын ашуды өзінің парызы деп білген, жастайынан тақуа екенін жанында жүріп, имандылықтың мөйдір бастауынан сусындыған парасатты дарын иесі Оразбек Сәрсенбайдың адам болмысындағы ғаламдық тылсым сырлары жайлы ізденіс пен толғауына толы жүректен шыққан рисаларының оқырманның жүрегіне жетері сөзсіз. Кейбір имам мен діни қайраткерлер халықтың сана-сезіміне бойлата алмай жүрген құбылыстар мен жаратылыс ілімінің қырлары мен бағыт-бағдарын қалам иесі өзіне Жаратушы сыйлаған көркем сөз, сәуелі ой мен көкірек көзінің көрсенділігі арқылы жеткізетінін айғағындай бұл рисалалар – кемелді қаламгер Оразбек Сәрсенбайдың адамгершілік философиясына қосқан қазынасы деп біліміз.

Жалғары ДӘРІБАЕВА, ҚР еңбек сіңірген қайраткері.

Ортағасырлық мұнаралар туралы алғашқы дереккөздер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кездеседі. Осылайша Ресей патшалығы әскерінің генералы А.Макшеевтің еңбегінде Бегім ана, Сараман-Қоса және Ұзынтам мұнараларының сипаттамалары алғашқы болып берілді. 1865 жылы Сыр өңірінде жұмыс сапарымен әскер сапындағы тарихшы Л.Мейер болып өткен. Ол ортағасырлық Жанкент қалашығының сипаттамасын бере отырып, Бегім ана мұнарасы туралы келесі мәліметті жеткізеді: «одан (Жанкенттен) он шақырым (1 верста = 1066,8 м) жерде бейіт орналасқан, (ол) күйдірілген кесектен тұрғызылған сегізбұрышты мұнара секілді, биіктігі 8 қарымды (1 сажень = 2,1 м.) құрайды, (ол) Бик-мен-ана атауымен белгілі». Бұл киелі мұнаралар туралы кезекті деректер Түркістан әуесқойлар үйірмесі мүшелерінің жазбаларында кездеседі. 1897 жылы Түркістан үйірмесінің кезекті отырысында И.Аничков Сырдарияның төменгі алқабында орналасқан ежелгі ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының есебін береді. Баяндамада зерттеуші Сараман-Қоса мен Бегім ана мұнараларына тоқталып өтеді. Есептің мәтіні баспаға түсіп, оған қосымша Сараман-Қоса мұнарасының суреті бірінші рет жарияланады. Кейіннен 1910 жылы Л.Мейер мен И.Аничковтың жинаған мәліметтері И.Кастаньенің дайындаған «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің ескерткіштері жинағына» кіреді. Сонымен қатар, Бегім ана және Сараман-Қоса мұнаралары туралы қысқаша мәліметтер «Қазақстанның археологиялық картасында» бар.

Ескерткіштерге жоспарлы зерттеу жұмыстарын 1983-1986 жылдары Қазақ КСР-нің Орталық Кеңесі тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясы жүргізген. Далалық зерттеу барысында, бұған дейін А.Макшеев атап өткен Ұзынтам мұнарасы архитектуралық әдіспен зерттеліп және Бегім ана мен Сараман-Қоса мұнараларын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Экспедиция мүшелері мұнаралардың қасбетінің, жоспарының және қимасының сызбаларын сызды. Атап өтетін жайт, жұмыс барысында алғашқы рет Қызылорда облысында орналасқан сәулет ескерткіштерінің толық жазбалары дайындалған. «Қазжобкалпынакелтіру» институтының архитекторлары Б.Ибраев, Е.Байтенов, Ш.Әбдібаев және т.б. аталған ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізді.

2004-2006 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында Шығыс Арал маңында орналасқан ескерткіштерге «Ілпiрiк Рабат археологиялық экспедициясының» барлау тобы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында археологтар Ж.Құрманқұлов және Ә.Тәжесев мұнаралардың географиялық координаттарын белгілеп, ғылыми суреттерін түсіреді. Жұмыстың нәтижесі «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы» атты ұжымдық еңбекте жарияланған. Археолог М.Қожа 2012 жылы мұнараларды аралап өтіп, олардың сипаттамасын береді.

Сонымен, осы уақытқа дейін мұнаралар көбінесе архитектуралық әдіспен зерттелгенін байқаймыз. Зерттеуші М.Қожа әділ атап өткендей, мұнараларды зерттеу барысында кешенді археологиялық-архитектуралық әдіс қажет. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – мұнаралардың мерзімделуі мен қызметі туралы мәселелерді қарастыру. Алдымен олардың сипаттамасына тоқталайық.

ҰЗЫНТАМ МҰНАРАСЫ. Қазалы ауданы, Түктібаев ауылынан 15 шақырым жерде орналасқан. Ол шаршы пішінді қамкесектермен (22-23x22-23x5-5,5 см) күйдірілген кірпіштерді араластыра отырып тұрғызылған. Негізінің диаметрі 7,30 м, биіктігі 10 м,



кабырғасының қалыңдығы 1,7 м-ді құрайды. Ескерткіш қазіргі кезде қатты қираған, өзінің алғашқы кескінін жоғалтқан кіреберіс ойығы солтүстік шығысқа бағытталған. Кіреберіс ойығы орналасқан қабырғаға қарама-қарсы бетте үлкен санылау пайда болған. Жоспарында дөңгелек тәрізделіс болып келген мұнара жоғарыға қарай тарыла түседі. Мұнара ішінде параболға кескінді күмбез камерасы бар. Шама-

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ



МҰНАРАЛАР – ҒҰРЫПТЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР ДІҢГЕГІ

(ҒЫлыми талдау)

сы, бұл бөлме күйдірілген кірпішпен қапталса керек. Мұнараның парапеті өзінің алғашқы бейнесін жоғалтқан. Ескерткіштің жанында қазақ қорымдары бар. Белгілі архитектор Е.Байтеновтің пікірінше, Ұзынтам мұнарасы Орта Азиядағы «мұнаралық кесенелер» атауымен белгілі ескерткіштердің прототипі болып есептеледі.

Ұзынтам мұнарасынан солтүстік батыста 12 шақырым және Қазалы қаласынан оңтүстік-батыста 68 шақырым қашықтықта орналасқан.

БЕГІМ АНА ЕСКЕРТКІШІ төңірегінен биіктеу жайдақ төбеде тұр. Генерал А.Макшеев жазып өткендей: «Мұнара төбе үстінде тұр, шамасы, ол жер кезінде арал болған сияқты, Қараарықтан 4 қарым, Арал теңізінің жағалауынан 10 қарым... Бұл жерде Қызылбаш ханның әйелі Чанджара жерленген». Мұнара шаршы пішінді (23x23x5-6 см) қамкесектермен тұрғызылып, сыртынан күйдірілген кірпіштермен қапталған. Ол жоспарында сегіз қырлы және жоғарыға қарай тарыла түседі. Биіктігі 10 метр. Мұнара діні ортасына дейін монолитті, одан жоғары тастобелік үлкен тесігі бар жоспарында дөңгелек күмбезді бөлме орналасқан. Бұл бөлмеге 4,8 м биіктікте орналасқан аркалы ойық апарды. Қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенге дейін мұнараның тек жоғарғы жағында ғана күйдірілген кесектері сақталған болуы керек.

Ескерткіш жөнінде ешқандай анық мағлұмат жоқ, дегенмен халық арасында Жанкент қаласының апаты мен мұнараны тұрғызу себебі туралы кеңінен аңыз тараған. Солардың бірі бойынша, бұл оқиға Мәлік шахтың ұлы Санжар ханның Жанкентте билік еткен кезеңімен сәйкес келеді. Ол өзіне Қарабура әулиенің Бегім есімді сұлу қызын әйелдікке алады. Бір күндері хан әйелінің адалдығына күмданып, оның бұрымы мен сол қолын кесіп, зынданға тастауын талап етеді. Кейіннен Бегім сұлудың адалдығы дәлелденіп, кесілген бұрымы мен қолы қалпына келеді. Бірақ, Бегім құсқа айналып, Арал теңізінің жағалауына ұшып кетеді. Аңыз бойынша, осы жағдайдан кейін Қарабураның қаһарына ұшыраған Жанкент жыландардың шабуылынан құлайды. Қаладан қашып құтылған адамдар Бегімнің рухын тыныштандыру үшін мұнара тұрғызыпты деседі.

Аңыздың келесі нұсқасы да Санжар хан мен Бегім ананың өмірімен байланысты. Оқиғаның желісі бойынша бірде аңшылық құрып шыққан Санжар хан жолай қару-жарағын ұмытып, сарайына бір батырын жұмсайды. Бірама уақыт өткенмен батыры оралмаған соң, ашуға мінген Санжар кері қарай қайтады. Ал қаруды алуға келген бағыр болса, Бегім сұлудың сарайда ер адам жоқ деген оймен, бет-жүзін ашық ұстап, серуендеп жүргенін көреді. Бегімнің сұлудығына тамсанған ол есінен танып қалады. Сарайға келген хан әйелінің бөлмесінің маңында есінен танып жатқан батырды көріп, әйеліне опасыздық жасады деп кіно тағайды. Ақталғанын тыңдамаған Санжар ашумен оның бұрымы мен қолын білезік тұсынан шауып тастайды. Бегім үйін тастап, Арал маңындағы мұнарадан (Бегім ана мұнарасы) пана тауыпты. Бұл мұнара содан бері әулие Бегім ананың құрметіне салынған ескерткіш ретінде сақталып келеді.

Бегімнің әкесі Қарабура Санжар ханның қызына жасаған әділетсіздігіне ренжіп, Жаратушыдан әділеттік сұрап дұға жасайды. Бір түнде шашы мен қолының қайта қалпына келуі халықты таңғалдырады. Бірақ, әкесі сүйікті қызының жаралы жүрегін емдей алмайды.

Ескерткішке жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстарынан кейінгі, астыңғы бөлмедегі кіреберіс ойықтың орналасуындағы кателікті атап өту қажет. Мысалы, 1897 жылы И.Аничков түсірген суретті сараптасақ, кіреберіс ойық мұнараның түбірінен биікте орналасқанын байқаймыз. Ал, 1990 жылы Е.Байтеновтің сызбасында мұнараның кіреберіс жердің деңгейінде орналасқан. Біздің пікірімізше, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенге дейін ескерткіштің төменгі жағы құлап, жалпы құрылысы төмендеген.

Сырдария өзенінің төменгі ағысында жағалай орналасқан киелі ескерткіштер қатарынан ортағасырлық қалалар, кесенелер, жерлеу орындары және басқалары табылады. Солардың ішінде оғыздар заманындағы сәулет өнерінің керемет туындылары – мұнаралардың орны ерекше.

Аңыз бойынша Жанкент қаласын жылдан басып, ал халқы қаланы біржола тастап кетеді. Керуендер жылан басқан қаланы айналып өтсе, құстар ұя салмай, ал жануарлар жақындауға қорқалды. Бұл аңыздардың тарихи оқиғалармен байланысы болса керек. Мысалы, С.Ақжанов ортағасырлық жазба деректердің негізінде, қыпшақтарға, кейіннен оғыз тайпаларына «жылан» атаулы тайпаның шабуыл жасағанын жазады. Ал тарихи деректер, оғыз мемлекетінің қыпшақ тайпаларымен болған шайқастың нәтижесінде құлағанына дәлел. Осылайша, ортағасырлық оғыздар мен қыпшақтардың арасындағы тарихи шайқас, халық жадында жылданмен байланыстырылған аңыз ретінде сақталып қалуы мүмкін.



САРАМАН-ҚОСА МҰНАРАСЫ. Қазалы ауданы, Кәукей ауылынан солтүстік-шығыста 3 шақырым жерде, Қуандарияның жағалауында орналасқан. Мұнара шаршы пішінді (25x25x5 см) қамкесектермен тұрғызылып, күйдірілген кірпіштермен қапталған. Ескерткішті XIX ғасырдың соңында көрген И.Аничков мұнараның биіктігі 15 сажень (32 м) деп жазады. Біздің ойымызша, ол мұнараның биіктігін жоғарылауымен көрсеткен. Себебі, қазіргі уақытта мұнара жоспары дөңгелек тәрізді, негізінің диаметрі 5 м-ге жуық, ал биіктігі 15 м, қабырғасының қалыңдығы 1 м-ден үлкен екені белгілі. Ескерткіштің қабырғасы 11 м биіктікке дейін ішке қарай тарыла түседі, әрі қарай кесілген конус сияқты күмбезбен көмкерілген. Мұнараның іші бір-бірінің үстіне орналасқан екі бөлмеден тұрады. Үстіңгі бөлме өзара байланысты екі деңгейге бөлінген. Оның төменгісінде (оңтүстік батыс жағында) үшбұрышты терезе ойығы бар. Қасбетте, оның астына сөре орналасқан. Жоғарғы бөлменің үстінде парапеттен қоршалған алаң бар. Аланның үстінде жабындының жоқ болғанына қарамастан парапеттің солтүстік және оңтүстік қабырғаларында бір-бірден өтпелі тесіктері бар.

Ескерткішке жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстарынан кейінгі, астыңғы бөлмедегі кіреберіс ойықтың орналасуындағы кателікті атап өту қажет. Мысалы, 1897 жылы И.Аничков түсірген суретті сараптасақ, кіреберіс ойық мұнараның түбірінен биікте орналасқанын байқаймыз. Ал, 1990 жылы Е.Байтеновтің сызбасында мұнараның кіреберіс жердің деңгейінде орналасқан. Біздің пікірімізше, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенге дейін ескерткіштің төменгі жағы құлап, жалпы құрылысы төмендеген.



Себебі, И.Аничковтың фотоқұжаттамасы мен «Қазжобкалпынакелтіру» экспедициясының зерттеу уақытына дейін арала бір ғасырдай уақыт өткен. Бұл көзқарасымыз, белгілі археолог М.Грязновтың бақылауына негізделеді. Орталық Қазақстандағы кесенелерді көрген ол, былайша болжам жасайды: табиғи факторлардың әсерінен қамкесектен тұрғызылған құрылыстың жоғарғы және төменгі жақтары бірдей бұзылады. Бұзылу салдарынан ескерткіш отырып, оның астында үйінді пайда болады.

Сараман-Қоса мұнарасына да байланысты аңыз-әңгімелер ел арасында сақталған. И.Аничковтың жазып алған нұсқасы бойынша: «шамамен 20-25 ұрпақ бұрын, Сараман, Ноғайдан қыз алып кетеді, есімі Коса, ол Үргеніште тұрған. Ол қызға ғашық болып қалған, бірақ Қосаның туыстары оларға жетіп алып, ұстап, қазір ескерткіш тұрған жерде оларды өлтіреді. Бірақ, қарақалпақ батырлары Жоба мен Айдос келіп ескерткіш тұрғызған. Бұл ескерткіш Сараманға арналған, ал Қосаға басқа ескерткіш тұрғызылған, жақын маңдағы құмда, бірақ ол сақталмаған. Аңыз бойынша, мұнара Арал теңізіне жақын жерде тұрғызылған».

Жоғарыда сипатталған мұнаралардың бірқатар ұқсастықтарын атап өтуге болады. Олар, өлшемдері 22-24x22-25x5-6 см болатын шаршы пішінді қамкесектерден тұрғызылып (Ұзынтам мұнарасынан бөлек), сыртынан күйдірілген кірпішпен қапталған. Сақталған биіктіктері 10-15 м аралығын құрайды. Мұнаралардың негіздері дөңгелек тәріздес келіп (диаметрлері 6 м-ге жуық) жоғарыға қарай тарыла түседі. Ішкі бөлігі бір немесе бір-бірінің үстіне орнатылған бөлмелерден тұрады.

Бұл киелі ескерткіштердің ішінде байырғы келбетімен Ұзынтам мұнарасы ерекшеленеді. Е.Байтенов Ұзынтам мұнарасын б.з. I мыңжылдықтың соңымен мерзімдейді. М.Қожа, С.Хмельницкийдің пікіріне сүйенсе отырып, Сараман-Қоса мұнарасын X ғасырға, ал Бегім ана мұнарасын XI ғасырға жатқызады. Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштері жинағында мұнаралардың барлығы X-XI ғғ. деп мерзімделеді.

Мұнаралармен қатар, Сырдария өзенінің төменгі ағысында ортағасырлық Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент қалашықтары орналасқан. Бұл ескерткіштер тобын С.Толстов «батпақты қалалар» мәдениетінің құрамына енгізіп, оларды оғыз қалаларының қатарына жатқызады. Өз кезегінде, бірқатар зерттеушілер, қарастырылып отырған қонысты және күмбезді жабындылары бар мұнараларды да оғыз халқының сәулет өнерімен байланыстырады. Бұл жағдайда белгілі архитектор Е.Байтенов Сырдың төменгі ағысында орналасқан мұнаралар бір тарихи-мәдени контексте пайда болуы мүмкіндігін айтады. Осы пікірлердің негізінде, біз мұнараларды «батпақты қалалар» мәдениетінің контекстінде қарастырамыз. Біріншіден, мұнаралар «батпақты қалалар» мәдениетінің аумағында орналасқан. Екіншіден, мұнара мен «батпақты қалалардың» құрылысында пайдаланылған материалдардың ұқсастықтары бар. Жоғарыда айтылып өткендей, мұнаралардың, өлшемдері 22-24x22-25x5-6 см болатын шаршы пішінді кірпіштерден тұрғызылғаны белгілі. Бұл құрылыс әдісі Жанкент қалашығындағы ғимараттардың құрылысында ұқсас. Мысалы, Жанкенттің шығыс бөлігінде орналасқан көп бөлмелі тұрғын үйдің қабырғаларын салу барысында, өлшемдері 25x25x5-6 см-ді құрайтын шаршы пішінді қамкесектер пайдаланылған. С.Хмельницкий өлшемдері 20-23 см болатын шаршы пішінді кесектер IX-X ғасырларда Орта Азия архитектурасына тән екенін жазады. Үшіншіден, Жанкент қалашығы мен Бегім ана мұнарасын аңыздар байланыстырады. Осылайша, мұнаралардың «батпақты қалалар» мәдениетінің аумағында орналасуы мен құрылыс материалдарының ұқсастығы және халық аңызының тарихи фоны, мұнараларды оғыз кезеңінің ескерткіштерімен сәйкестендіріп, оларды IX-XI ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді.


Анықталғандай аталған ескерткіштердің негізін қалаушылар – оғыздар, бірақ мұна-

ралардың қызметі қандай? Әрине, бүгінде оғыздардың ғұрыптық ескерткіштері белгілі болмағандықтан, оны анықтау күрделі мәселе болып отыр. Дегенмен, халық фольклорын сараптау негізінде бұл ескерткіштердің қызметтік мақсаты туралы екі пікір қалыптасты. Мұнаралар жерлеу үсті құрылысы немесе жерлеуге қатысы жоқ, бірақ, уақыт өте мұнара айналасы қорымға айналып киелі қызмет атқарады. Мысалы, Бегім ана мұнарасына байланысты аңызда былай айтылады: «Бұл жерде Қызылбаш ханның әйелі Чанджара жерленген». Мұнаралар мемориалды ескерткіштер қатарына жатады. И.Аничков Сараман-Қоса мұнарасына байланысты аңызды сипаттай келе былай деп жазады: «бұл мұнара... өзінің келбетімен жерлеу ескерткіштеріне жатпайды».

Е.Байтенов және тағы басқа бірқатар зерттеушілер екінші пікірді қолдайды. Белгілі ғалым, сәулетші Б.Ибраев: «Жергілікті халық мұнараларды түнеу ғұрпымен байланыстырған» – деген тұжырымға келді. Ол бойынша, мұнаралар – сол жерде қайтыс болған адамның рухымен қарым-қатынас орнату үшін арналған орын. Әрбір мұнараның жеке атаулары бар және олар жергілікті әулие немесе белгілі бір құдыретке тиесілі. Сол себепті мұнаралардың атауын білу, адамның сол жерге келу мақсатына көмегін тигізеді. Б.Ибраев оны Бегім ана мұнарасының жанында көптеген «құрбандыққа шалу» рәсімінің іздері (матаның үзінділері, тиындар, қойдың бас сүйектері мен мүйіздері) сақталғанын алға тартумен түсіндіреді. Бегім ананың рухы тек әйел адамдарға көмектеседі және ол жерге ер адамдардың баруына болмайды деген түсінік қалыптасқан. Зерттеуші ескерткішке келген адамдардың беделділігін, сал ауруынан және тағы басқа ауру түрлерінен ем тапқаны туралы жағдайларды естігенін атап өтеді.

Археолог М.Қожаның көзқарасы да осы болжаммен сәйкес. Ол сырдариялық мұнараларды өзге «дін» және «дінге» түрлерімен аяқталатын еске алуға арналған ғұрыптық ескерткіштермен (Қарадін, Дінгек, Ақ-Сарай-Динг) салыстыра отырып, мұнараларды қайтыс болған адамның рухына арналып салынған деп есептейді. Бұл зерттеушілердің пікірлері мұнара ішіндегі бейіттің болмауымен түсіндіріледі.

Осылайша, екінші тұжырымның дұрыстығына негіз бар болғанымен, біздің ойымызша, бұл мәселе толықтай шешімін тапқан жоқ. М.Қожаның былайша сипаттамасы бар: «Ұзынтам мұнарасы үйіндінің үстіне орналасқан. Ол келбетімен қорғанды еске салады» Мұнаралардың қызметін анықтау, оларды далалық археология әдісімен (археомангниттік барлау және қазба жұмыстары) зерттеу арқылы мүмкін болады. Осы әдіс арқылы зерттеген жағдайда олардың қабір үсті жерлеу құрылысына қатысы бар немесе жоқтығы анықталады. Сонымен қатар, мұнаралардың толық өлшемдерін көрсетілген сызбаларын жариялау қажет.



Сырдың төменгі ағысында оғыз мұнараларымен конструктивті ұқсастықтары бар мұнараларды тұрғызу дәстүрі қайта жанданады. Қазіргі уақытта XVIII-XX ғасырлармен мерзімделетін 40-қа жуық мұнара (Жомарт, Сарыбайқазған, Көсе, Айвал, Орақ, Қараөзек, Еламан, Қызылбас, Наурызбай, Шалбас батыр және тағы басқалары) белгілі. Кейінгі кезенге жататын мұнаралардың көп бөлігі Сырдың көне арналары – Қуандария мен Жандария бойын жағалай орналасқан. Осылайша, ортағасырлық оғыздардың құрылыс өнеріндегі дәстүр кейіннен қазақ сәулет өнерінде жалғасын табады.

Ә.ТӘЖЕКЕЕВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ
жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, PhD,
Ж.СҰЛТАНЖАНОВ,
тарих магистрі,
Эберхард пен Рихт атындағы
Тюбинген университетінің (Германия)
PhD докторанты.

ТУҒАН ЖЕР

Бал дәурен балалық шағымын зейнет жасына жеткенше рухани қуат берген туған жерім – Тұрмағамбет ауылын өмірімнің бастау бұлағы, қасиетті атамекенім деп білемін.



Сыр сүлейлерінің қарашақырағы

Қармақшы ауданындағы бұл ауыл – Сыр сүлейлерінің атасы Ешнұыз салды, даңғайыр ақындар Кете Жүсіп пен Жиенбай жырау, ақын Тұрмағамбет бастаған жүзден астам ақын-жыраулардың мекені. Қалмақ-жоңғар шапқыншылығы кезінде елін қорғап, қазақ тарихы бетіне есімдерін алтын әріппен жазған батырлар – Текей Қарпықұлы, Қаракисық Қосұлы, Есетбай Айбасұлы, Қарба руынан шыққан Қайрақ пен Құл батыр, Бостыбай руынан шыққан Жабай сынды тарихи тұлғалар туған жер. Кешегі Кеңес Одағының батыры Тәйітбек Қомекбаевты, Еңбек Ері Сәлима Жұмабекованы, жауырыны жерге тимеген, үш жүзге аттары белгілі Қомекбай Қоңқаулы, Балжай, Әлау, Асан мақсұм, Мырзабай және Рахметұлла Сақтағанұлы сынды палуандарды, мемлекеттік сыйлықтың иегері Далабай Ешпанов пен Раушанбек Әбсәттаров бастаған ғалым-профессорлар өмірге келген киелі мекен.

Әні мен дәні қатар өрлеп, құт-береке дарыған, Сырдың елін жырдың елі атандырған сүлейлер туып-өскен, бұл күндері экономикасы мен әлеуметтік жағдайы, мәдениеті қатар дамыған аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі осы – Тұрмағамбет ауылы. Ол 1928 жылы «Талап», «Алға», «Екінді», «Ұмтыл», «Жұлдыз» деп аталатын бес серіктестік болып құрылды. Әр серіктестікке жүз қаралы түгін, 60-70 гектар егіс егетін еді.

1930 жылы қазан айында №10, 11, 12, 13 ауылдық кеңестердің қарамағындағы серіктестіктер іріленіп, Ленин атындағы ұжымшар болып құрылды. Міне, осы кезден бастап ауылдың тарихы басталады десек, қателеспейміз. Ұжымшардың алғашқы төрағасы, шежіреші Үбісұлтан Аяпов, парток хатшысы Молдабек Қалдыбеков болса, кейін Бержікей Ешов және Жарылқасын Тайбоисынов төрағалық етті. Сол жылдары малдың басы шамамен 6 мың бас қойға, 2 мың бас түйеге, 400 бас жылқыға, 300 бас сиырға жеткен еді. Бірақ, 1935 жылы ұжымшар таратылып, орнына ТОЗ-дар құрыла басталды.

1950 жылы бұған дейін шашыранқы болып жүрген «Ленин», «Ақжар», «Өндіріс», «Қағанович», «Томарбоғет» ұжымшарлары іріленіп, Ленин атындағы ұжымшар болып құрылды. Төрағасы Омар Қошаманов, парток хатшысы Өнгәй Құлманбаев, ауылдық кеңестің төрағасы болып Дәме Жұбаева, ал кейіннен Ысқақ Дәлібеков, Әбілді Танысқабас сайланған еді.

1950-1955 жылдары қол жеткен табыстары үшін құршіш Бодық Шәдіев «Құрмет белгісі», қойшы Зәріп Байболатов «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталып, ауыл тарихында есімдері алтын әріппен жазылды. Жоғары органдардың нұсқауына және заман талабына сәйкес, 1957 жылы бұрынғы ірілендірілген «Карл Маркс», «Ленин» ұжымшарлары біріктіріліп, Ленин атындағы қарақөл қой кеңшары болып қайта құрылды. Кеңшардың №1 бұйрығына алғашқы директоры Әлімбет Ардабаев қол қойып, бас зоотехник Қожабай Исаяев, бас агроном Шамшабек Баймұратов, бас бухгалтер Тұрман Қалымбетов, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Омар Қошаманов, кеңшар тарихында алғашқы партия ұйымының хатшысы болып Қаратай Қуанбаев, ауылдық кеңестің төрағасы болып Әубәкір Салықбаев бекітілді.

Алғашқы құрылған жылы кеңшарда 1564 гектар егістік жер, 27628 қой, 440 жылқы, 1245 сиыр, 555 түйе және 14 трактор, 18 автокөлік, 700-ден астам жұмысшы, қожалықтар болды. Осы ауылдар негізінде 1964 жылы қазіргі Т.Қомекбаев ауылы, 1980 жылы қазіргі Алдашбай ауылы бөлек шығып, бұл күнде іргелі елдерге айналып отыр.

Одақ тарап, еліміз егемендік алғаннан кейін ауылдарды жекешелендіруге байланысты 1996 жылы кеңшар таратылып, серіктестік болып қайта құрылды. Серіктестікке соңына мол мұра қалдырған ұлы шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуовтің есімі берілді. Ал келесі жылы Қармақшы ауданы әкімі мен мәслихатының №578 шешімімен бұрынғы «Ленин» ауылдық округінің атауы «Дауылкөл» ауылдық округі деп өзгертілді.

Ауылдан шыққан өнегелі, өнерлі тұлғалар – біздің алтын қазынамыз. Киелі ұсталықты кәсіп еткен Жәнділді Мұратов, оның шәкірттері Б.Шәдіев, Ж.Арыстанов, М.Наурызымбетов, ағаш ұсталары – Омар, Торға, Жаппар, Қалмақан, Оңғарбай, тігінші Өніштердің есімі әлі күнге ел арасында құрметпен аталады. Кезінде егіс үшін «Қурайлы», «Аю», «Үбіс» каналдарын қолмен қазған әкелеріміз бен апаларымыздың есімдері зерттеуді қажет етеді. Ұлы Отан соғысы, асыра сілтеу кезіндегі шаруашылықтың жағдайы өзінше бір тарих.

Қазіргі Тұрмағамбет ауылының негізін қалап, өсіп-өркендеуіне ерекше еңбек сіңірген – Ә.Ардабаев, Ы.Ысқақов, М.Алдамжаров, С.Байболов, Е.Байсалбаев, А.Сералиев, Ж.Бердімұратов, К.Қалдашбаев, Б.Жайсаңбаев, М.Құлманбаевтың, ал, 2008 жылдан бері шаруашылықты басқарып келе жатқан Нұржан Пирмантаевтың ауыл экономикасы мен әлеуметін, мәдениетін көтерудегі лайықты қолтаңбалары бар.

Әсіресе, Ж.Бердімұратовтың тәртіп пен үнемшілдігін, К.Қалдашбаевтың жаңашылдығын, М.Құлманбаевтың ыждағаттылығын ел мақтанышымен еске алады.

Алдағы уақытта 60 жылдық мерейтойын өткізгелі отырған ауылда Тұрмағамбет Ізтілеуов ескерткіші күрделі жөндеуден өтті. Көктем басталған бойдан орталықтан демалыс алаңы, онда «Тағзым алаңы» мен «Сүлейлер аллеясы» және шаруашылық әдіспен 80 орындық балабақша салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, шағын сүт өнімдерін өндіретін цех жұмыс істемей қалғандықтан қолданысқа берілмеуі. Бұдан басқа да әлеуметтік-мәдени шараларды іске асыру жоспарлануда. Сыр сүлейлерінің қарашанырағы атанған алтын бесік – ауылмының одан әрі гүлдене беруіне тілектеспін.

Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында «Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отанымыздық тәрбие беру мектеп қалыптасқанға дейінгі тарихтың барлық өңірлердегі өлкетану музейлері жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды» деп атап көрсеткен еді.

Олай болса, туған жердің даму деректері мен киелі географиясын зерттеп, жұртшылыққа ұсыну кейінгі ұрпақтың міндеті болып қала беруді тиіс.

Сұлтанбек МЫРЗАБАЕВ, Еңбек ардагері, Қармақшы ауданы.



Ұлы ақынға тағзым

Қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 174 жыл толуына байланысты Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі Байқоңыр қалалық филиалы мен Төреғамбет клубінің ұйымдастыруымен «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты әдеби кеш өтті.

Шарада филиал төрайымы Қанымша Сыражанова, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы-

ның әкімшілік құрылым бөлімінің басшысы Гүлсара Қошқинбаева Абайдың өмір жолына тоқталып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді.



Төреғамбет клубінің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлы ақынға тағзым» әдеби кешінің қатысушылары. Фото: Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ. Байқоңыр қаласы.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ. Байқоңыр қаласы.

Шалғайдағы шебер

Қазалы ауданы Абай ауылының тұрғыны Ондашбай Өтеміс он саусақсыз-ақ кәсіп ашты. 2010 жылдың қытымыр қысында тағдырдан теперіш көріп, он саусағынан бірдей айырылған азамат бұл күнде замандастарына үлгі, егіз, шеберлігін танытып жүр. Өткен жылы ол «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грант иегері атанды.

Дәулет ҚЫРДАН.

Әдепкіде жерлерестеріне қолынан шыққан бұйымдарды ұсынған азаматтың мүмкіндігі жоғары екенін ел білетін. Шеберлігіне тәтті жұрт кәсіп ашуға кеңес берді. Тымас, мәсі, көрпе-жастық, жабу тигу дегеніңіз ол үшін қиын іс емес. Құйысқан, жүген, тоқым секілді ат өзбелдерінен бөлек шебер жасаған киіз үйдің жабығы да талай жанның ауласына сән беріп, ұлттық құндылықтың жарқын үлгісіне айналған.

– Мемлекеттен алған қайтарымсыз 900 мың теңгеге мен күнделікті тұтынатын өнімдерді тигуе арналған өндірістік тігін машинасын сатып алдым. Бұрын ауылдан ғана тапсырыс алсам, қазір ауданға атым таралы. Іздеп келіп, бұйымтайын айтатындар бар. Бала кезден құмар ісім кәсіпке айналады деп кім ойлаған? Біраз жыл бұрын мал қарап жүріп, аттан құлап едім. Он саусағымды үсік шалып, дәрігерлер кәсіп тастауға мәжбүр болды. Бірақ осы сынақтан сүрінбей өтім деп өзіме серт бергенмін. Міне, қазір кәсіпкермін, – деді Ондашбай Өтеміс.

Ондашбайдың шеберханасындағы туындының әрбір қазақтың қазақылығын ай-



шықтап, ұлы даланың руханиятын түгендеп тұрғандай. Шетелдік қымбат бас киімдерге құмартып жүргендер енді қазақы тымасқа ынтасын арттыра бастады. Ондашбайдың қолынан шыққан бас киімдер қазір қытымыр қыста талай-талы шекесін терлетіп жүр. Бір қыста 15-20 адамға құлақшын мен тымас тігетін көрінеді.

– Өзіңнің мына қоғамға

керек екенінді сезіну де зор бақыт. Жұрт іздеп келіп, қажетін тіктіріп алып жатады. Кәсібімді кеңейтіп, бұл ісімді жандандыра түсу керектігіне көз жеткіздім. Бәлкім, маған қарап, өзгелер де өмір мектебінен алған дәрістерін қолданысқа салар, – деді шебер алысқа көз тастап.

Айтпақшы, кейіпкеріміз тігінмен ғана айналыспайды. Заманауи құрылғыларды да жете меңгерген. Ұялы телефоннан хабары жоқ жұртшылық, істен шыққан аппараттарын келіп жеткізеді. Жұрттан алғыс алған сайын ісі өрге басып, өзі шыбыттан түсетін Ондашбайдың қаламына біз де оң болсын айттық.

Қазалы ауданы.

«Еңбектен» шыққан ер

Жалағаш жұртшылығына туған жердің түлеуі үшін тер төккен Сахи Ыбыраевтың есімі етене таныс. Сан жылдар бойына ауданда ауыл шаруашылығының дамуына сүбелі үлесін қосқан қайраткер еңбек жолында адамдық биігін аласартпаған азамат болған.

Дәулет ҚЫРДАН.

Сахи Ыбыраев 1939 жылы 27 сәуірде Жалағаш ауданы Аламесек ауылдық кеңесіне қарасты «Еңбек» колхозында туған. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, оның әкесі есімі елге әділдігімен танылған сот төрағасы – Ыбырай Әліұлы. Бөтеннің ала жойған атпай, жұртшылықты әділдіктің ақ туын көтеріп, тура жолдан танбайтын алдылыққа бауылып, елге үлгі болған ақбөрен азаматтың өмір жолында талай күресті жылдар болды. Бірақ соның біріне де сағы сынған емес.

Еңбек жолын 1957 жылы «Еңбек» колхозында бастады. Ауыл баласы еңбектен қашын ба, нәтижелі ісімен танылды. Кейіннен өзін арбамен аудан орталығына сүт тасыды. Егін егіп, жүгері өсірді. Барлық сатыдан сүрінбей өткен оның ерекше ынта-ықыласын таныған сол кезде колхоз басқармасының төрағасы Сермағамбет Тұрабаев сенім артты. Колхоз клубының меңгерушісі етіп тағайындалды.

1959 жыл. Сахи Ыбыраев басқарманың жолдамасымен Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының «Агрономия» факультетіне оқуға түсіп, аталған институтты 1964 жылы «Ғалым агроном» мамандығы бойынша тәмамдады. Мұнан соң елге оралған білімді маман «Еңбек» колхозының бас агрономы-колхоз басқармасы төрағасының орынбасары, бастауыш комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

Ол уақытта «Таң» совхозы жанадан құрылып жатқан еді.



Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Исатай Әбдіқаримов жас маманның ынтасын арттырып, еңбекке құлшынысын оятып, жана совхоздың директоры етіп тағайындалды. Сол кезеңдегі ең жас совхоз директоры да 27 жастағы Сахи Ыбыраев болатын. «Таңның» таңын арайландыра еңбек етіп, шаруашылық алдығы қатарға жеткізу үшін күн еңбектенді, түн тыным таппады. Алғашқы жылдарын өзіне-ақ 22 500 центнер күріш өндірді. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Мал шаруашылығы саласында да сүт өндіруден, мал бордаққылдан қашан да алда көрінді. Бертін келе, әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өтіп, жаңа кейіпке ене бастады. Алғашқы жылы 40 тұрғын үй пайдалануға берілді. Баспананың көпшілігін Молдаваньның студенттері салғандықтан, ауыл орталығында әлі күнге Молдаван көшесі өзгерістен сақтаулы.

Кейіннен Сахи Ыбыраев

Жойылып бара жатқан Арал теңізінің мәселесі біздің өмірге ғана емес, бүкіл әлемге қатер төндіруде. Теңіздің тартылуы салдарынан жыл сайын 75 миллиард тоннаға дейін шаң мен ұлы тұзды жел көтеріп, оның тозаңы қазірдің өзінде Еуропа мен Антарктидадан табылып отыр.

Теңіз ұлтанындағы орман

Арал теңізінің құрғаған ұлтанында ұшқан шаң мен тұзды тоқтау мақсатында соңғы 25 жылда теңіздің Қазақстандағы бөлігінде 183 мың гектар аумаққа сексеуіл ағаштары егілді. Өйткені, сексеуіл құмның белгілі бір мөлшерін ұстап тұра алады. Осылайша құм орнығып, шөлді болдырмайды.

Соның ішінде, 2008-2014 жылдары Қазақстан, Дүниежүзілік банк және Ғаламдық экологиялық қоры арқылы қаржыландырылған «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы аясында Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 56,5 мың гектар жерге сексеуіл екпелер егілді.

– Арал теңізінің құрғаған ұлтанында Қазалы және Арал орман шаруашылығы мекемелері биылғы жылы 6300 гектарға сексеуіл егу жұмыстарын жоспарласа, көктем айларында оның 2500 гектарына сексеуіл көшеттерін отырғызды. Ал қалған 3800 гектары агротехникалық талаптарға сәйкес күз айында егілетін болады, – деді облыстық табиғи ресурстар

және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Байқенже Ахметов.

Басқарма өкілінің айтуынша бұл жұмыстарға қаржы облыстық бюджеттен бөлінсе, мұнан бөлек 2018 жылдан бастап Оңтүстік Корея Республикасымен бірлесіп «Арал теңізінің құрғап қалған ұлтанында фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында Аралдың құрғаған ұлтанының 10 мың гектар (2018 ж - 5000 гектар, 2019 ж - 5000 гектар) жеріне сексеуіл егу жұмыстары жүргізілді. Арал және Қазалы орман шаруашылығы мекемелеріне 2 дана «Беларусь-12212» тракторы тіркесімен, 2 дана ППТ-200 сокасы, 4 дана УАЗ автокөлігі және 2 дана вагон-жатақхана, 4 дана сексеуіл отырғызғыш машина алынды.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінде теңіздің тартылып қалған бөлігінде өсіп шыққан орманның аумағы 300 мың гектарға жетті.

«СБ» ақпарат.

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Дүниеде екі нәрседен қателеспеу керек дейді. Соның бірі – мамандық таңдау. Десек те алмағайып заманда қайда, қалай, қайтпін қандам басуды білмей тұрған талапкер аз емес. Бірақ бір сөз бар. «Тағдырдың жазғаны». Шынында да солай ма?!

Басым қатты, мамандық таптым

Қазір XXI ғасырға ғалымдар «арпалыс ғасыры» деп баға беріпті. Бүгін ашқан жаңалығыңыз, ертең өзекті емес. Бірде футурист Митнио Каку «Болашақта адамның ісінің 50%-ін роботтар атқарады, көп мамандықтар жойылып қалады» деді. Өйгілі ғалымның сөзінің жаны бар. Бұл көптен бергі айтылып жүрген ой.

Еуропа елдерінде мектеп оқушыларына мамандық әулетіп шығарады екен. Қалай? Жасөспірімді 9 сыныпта және одақ көлемінде ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Күрші фабрикасы» атанды. Бірнеше жыл қатарынан бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы атанып, аты Мәскеу қаласындағы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) кітабына алтын әріптермен жазылды. Бірнеше мәрте ХШЖК (ВДНХ) «Алтын медалмен» наградталып, грамоталар алды. «Еңбек Қызыл Ту» орденін кеудесіне тақты.

1978 жылдан өмірінің соңына дейін ол туған ауылы «Еңбек» шаруашылығында агроном, өндіріс бригадирі, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінде асқар тау езе салған сара жолда қияға қонған қыздар, ұяға қонған ұлдары Сахи Ыбыраевтың атына да келтірмей жолын жалғап келеді.

мен, шетте бар дүние бізде де кезігеді.

Биыл елімізде бөлінген мемлекеттік гранттың басым көпшілігі техникалық бағытта. «Серпін» мемлекеттік бағдарламасына 5109 грант берілген. Дәлірек айтқанда, еліміздің шығыс, солтүстік батысында оқу және жұмыс істеу қарастырылған. Бұл да үлкен мүмкіндік. Әлемдік ақпараттың пайдаланылуы пікірінше економист, заңгер, қаржыгерлер керексіз. Бірте-бірте бұны компьютер атқаруда. Ойланп қараңыз, атағы мықты, бірақ атқаратын жұмысы жоқ. Сонда не болмақ?

Бірде ғаламтордан «Құдай бермегенді Сорбонна бере алмайды» деген жаңу дүниедегі белді оқу орнының маңдай-шашына жазулы тұрғаны туралы оқыдым. Өте саналы ой. Білгенге! Сіздерге бір қызық айтайын, талапкер. Бірде Альберт Эйнштейн университеттен шығармақшы болты. Себең? Баяу ойланады екен. Кім ойлаған. Бүгінде Эйнштейн формуласы бар. Уақыт қысқа, таңдау біреу. Осы жасау мамандықтарын игергеніңіз, бітірген соң қайда барамын деп бас қармаңыз да болады. Шет елде алауыпті корпорациялар, холдингтер сізді өзі іздейді. Сапалы маман болсаңыз жетіп жатыр. Деген

Олажас ЖОЛДЫБАЙ.


Ағаның алды – ақжайлау



ШАРА

Кітап әлеміне саяхат

Өзім құрмет тұтар, сыйлас нағашы ағам Кеңес Мұсаханұлы Шаймерденовтің есімі Сыр еліне жақсы таныс. Біреулерге отырған орны көрік берсе, кей адамдар отырған орнына көрік береді деген сөз бар. Сол айтпақшы Кеңес аға аудандық, облыстық, республикалық ауқымда үлкен лауазымды қызметтер атқарды. Жұмыс істеген жерлерінде үнемі жақсы қырынан танылып, жамағатпен етене араласты. Міне, осы қасиеті оның абыройын биіктетіп, тілеусіз адамдарды молайтқандығы анық. Сол қатардағы рухтас інілерінің мен де бірімін.



атындағы институтты оқып бітірді. Сол жылдары еркін күрестен жоғары оқу орындары арасында чемпион, I разрядты спортшы болды.

Еңбек жолын Шиелі ауданындағы «Қызылту» колхозында мектеп мұғалімінен бастап, 1963-1969 жылдары облыстың комсомол комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісіне көтерілді. Оңтүстік Қазақстан өлкесі комсомол комитетінің сектор меңгерушісі, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің студент жастар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін ораймен атқарды. СОКП Орталық комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. Облыстық партия комитетінде үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы, 1973-1983 жылдары Жанақорған ауданындағы партия комитетінің хатшысы болып халықтың ықыласына бөленді.

1983-1994 жылдар аралығында облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы, облыстық атқару комитетінің мәдени-ағарту мекемелері бөлімінің бастығы, облыс әкімшілігі аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. ҚР Парламентінде түрлі жауапты қызмет атқарды. Алматы қалалық ақпарат және қоғамдық келісім басқарма бастығының орынбасары, жастар және тіл бөлімінің бастығы, «Нұр» қоғамдық қайырымдылық қорының атқарушы директоры, «Блотус» АҚ – үйлестіруші, «Отан» партиясы аппаратының кеңесші қызметінде болды.

Кеңес Мұсаханұлы қандай да маңызды қызмет атқарса да белсенділігімен, ұйымдастырушылық іскерлігімен жақсы қырынан көріне білді. Ол еңбегіне лайық Қаз ССР Жоғарғы

комитеті Президиумының Құрмет грамотасы және «Ерен еңбегі үшін» медалмен, «Nur Otan» партиясының марапатымен, Мәдениет және ақпарат министрінің, Алматы қаласы әкімдігінің Құрмет грамотасымен, «ҚР мәдениет қайраткері» атағымен марапатталды.

Кеңес аға – жаңа ғасырдың жаршысы, насихатшысы, оның еңбек жолында үлгі-өнеге көрсеткен жанашыр ағалары мен қызметтес жолдастары, қолдау көрсеткен зиялылар көп болды. Қанаттастары туралы естелік, ұлағатты сөз айтатын Кеңес аға майдандар ежесінен ерте қалып, өмірдің бар қиындығын да, қызығын да мол татып, бейнәтпен есейген озық ойлы, білімдер, сөзге шешен. Ақпейілді, жаны таза, жүрегі жомарт, парасаты биік, уәдесіне берік, шындық жолдан таймаған, жақсыға жалынбаған, жаманға табынбаған, адамгершілігі мол, ұстамды қайраткер.

Кеңес Мұсаханұлы – ҚР Журналистер одағының мүшесі. Бірнеше естелік жинақтың авторы, С.Нұрмағанбетов атындағы халықаралық қоғамдық қайырымдылық қоры бағдарламасы аясында Кеңес одағының Батыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетов, Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай жайлы альбом шығарып, таралуына еңбек сіңірді. Әкесі жайлы және Сталинград шайқасында қайтыс болған майдангерлерге арнап «Бақытым да, байлығым да менің» атты кітап шығарды.

Құрметті демалыста жүрсе де, қоғамдық өмірге белсене араласып, жақсы істердің жүзеге асуына ұйытқы болып келеді.

Ол кісінің шаңырағында жиі болып тұрамын. Әрдайым жылы шыраймен күтіп алып, іздеп барған інілеріне мейірімін төгеді. Өзінің өнегелі өмірінен әңгіме өрбітеді. Бір таңғаларым, сені өзіннен артық біліп отырады. Жан дүниенді түсініп, үлкендік жолынан жығылмайды. Әрдайым өмірден білген-түйгендерін ашып айтатын ақкөңіл жан. Өмірлік қосағы Мадинамен бес ұл мен қыз өсіріп, олардың қызығын көрген кісі. Өнегелі ғұмыр кешкен асыл жанның ұлағаты көпке үлгі.

Жақсылық ӘЛІЕВ, зейнеткер.



Кітапхана қызметкері Қарлығаш Құлмырзаева мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына көмек ретінде олардың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, ерте жастан кітап оқуға қы-

зығушылығын арттыру мақсатында мұндай шаралар жиі өткізіліп тұратынын айтты. – Балалар 3-5 жас аралығында әр нәрсеге қызығып, жаңа зат көрсе соны ұстап көруге ұмтылады. Қазіргі балалар өте бақытты кезеңде өмір сүреді. Себебі, түрлі форматта шығарылған кітаптар көп. Ертегілерді де аудио арқылы тыңдап, 3D үлгісінде шығарылған кітаптан оның кейіпкерлерін тамашалауға болады, – дейді кітапханашы.

«СБ» ақпарат.

РЕЙД

Қауіпсіздік шаралары түсіндірілді



12 тамызда Жедел-құтқару жасағының құтқарушылары адам көп шоғырланатын орындарда, атап айтқанда теміржол вокзалы мен автовокзалдағы жолаушы азаматтарға сұдала қауіпсіздік шараларын түсіндіру мақсатында рейд ұйымдастырды.

Рейд барысында жолау-

шыларға сұға батып бара жатқан адамға алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсетіліп, сұдала қауіпсіздік шаралары тақырыбындағы үлпарақтар таратылды.

Облыстық ТЖД орт. сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі.

САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

Шілде айында түскен сақтандыру жарнасының көлемі 276,3 млн теңгеге жетті, – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

Қызылордалықтар 5,6 млрд теңге аударды



2017 жылдың 1 шілдесінен 2019 жылдың 31 шілдесіне дейінгі аралықта Қорға 5,6 млрд теңге түсті. Аударымдар жүйе іске қосылған алғашқы жарты жылда өзі үшін жарна төлеуге міндеттелген жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт (АҚК) негізінде еңбек ететін тұлғаларға, сондай-ақ жұмыс берушілерге тиесілі.

Атап айтқанда, жинақталған қаражаттың 96,8% немесе 5,4 млрд теңгесін жұмыс берушілер, қалған 3,2% немесе 175,2 млн теңгені – жеке кәсіп-

керлер мен АҚК негізінде еңбек ететін санат аударған.

Естеріңізге сала кетсек, жинақталған қаржы Ұлттық банкте сақталды және 2020 жылдан бастап МӘМС пакетінде көрсетілетін медициналық қызметтер ақысын төлеуге жұмсалмақ.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының Халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарастыру бөлімі.

«Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Жанұзақов Қуаныш Қуантқанұлы	басқарма басшысы	сәрсенбі, жұма 16-00-18-00	Қызылорда қаласы, «Сырдария өзенінің сол жағалауы» шағын ауданы, 15 «А».	8 (7242) 30-25-20, 8 (7242) 30-22-50

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің еден кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әлеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8 (7242) 30-20-02 «сенім телефонына» жүгінуге болатынын хабарлаймыз.

Әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны

әлеуметтік аударымдар ЖТМ негізге алына отырып есептеледі, аударылады. 2019 жылға әлеуметтік аударымның ең төменгі мөлшері – 1488 теңгені (42500 тт. *3,5%) құрайды.

Заңға сәйкес, жұмыс беруші әлеуметтік аударымдарды толық төлеуге міндетті. Ал, қорға аударылатын әлеуметтік аударымдардың толықтығын және уақытылы төлеуін қадағалауды мемлекеттік кіріс органдары қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы (дұрыстығын тексеру үшін) ақпаратты «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация бөлімшелерінен тегін алуына болады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төленген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда, асыраушысынан, жұмысынан, жұктілікке және босануға немесе жана туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда, сонымен бірге бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер алуға құқылы.

Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем «Еңбек ету қабілетінен айырылған» деп белгіленген барлық кезеңге тағайындалады. Ол әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берушінің жұмысты тоқтатқанына немесе істеп жатқанына қарамастан тағайындалады. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін куәландыру медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Егер отбасының асыраушысы жү-

мыс істеген және ол үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген адам қайтыс болса, асыраушының отбасы мүшелері асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алуға құқылы. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемнің бұл түрін алуға сот «хабар-ошарсыз кетті» деп таныған немесе «қайтыс болды» деп жариялаған асыраушының отбасы мүшелері де құқылы болады.

Егер азамат жұмыссыз қалса, біріншіден ол жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелуі қажет. Содан кейін ол жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш білдіре алады. Әлеуметтік төлемдердің бұл түрі өтініш беруші үшін төленген әлеуметтік аударымдардың ұзақтығына байланысты бір айдан төрт айға дейін, ал штат қысқартылған жағдайда, кәсіпорны таратылғанда және өндіріс көлемі төмендеген жағдайда егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі 36 ай және одан жоғары болса жұмыстан босатылғанда төлем мерзім алты айға дейін ұзартады.

Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріліп, жұмыс орнынан демалысқа шыққаннан кейін табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем тағайындалады. Бұл әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген айлық табыс мөлшеріне және еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген күндері санына байланысты болады. Төлем жүктілікке және босануға байланысты берілген демалыстың барлық кезеңіне төленеді.

Сонымен қатар, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем балаға күтімді жүзеге асыратын азаматқа тағайындалады. Әлеуметтік төлемнің бұл түрі баланың тууы туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап ол бір жасқа толған күнді қоса алғандағы мерзімге төленеді. Екі және одан да көп бала туған жағдайда бұл әлеуметтік төлем әр балаға жеке тағайындалады.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш берудің алдында әлеуметтік аударымдардың толық аударылғанын тексеру қажет. Өйткені, әлеуметтік төлем туған жағдайда тағайындалатын әлеуметтік төлемнің мөлшері азаматтың жұмыс берушісінің әлеуметтік аударымдардың мөлшерін есептеуіне (қанша уақытылы аударуына байланысты болады).

Сонымен қатар, ағымдағы жылы әлеуметтік аударымдарды төлеушілер категориясы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес, бірінғай жиынтық төлемді (әрі қарай – БЖТ) төлеуші болып табылатын жеке тұлға болып кеңейді.

Бұл ретте бірінғай жиынтық төлемді төлеушілер болып дара кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсететін азаматтар табылады және көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алатын кірісінің күнтізбелік жылдағы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қаңтарына

колданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1175 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

БЖТ-н мөлшері: қала тұрғындары үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 2525 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 0,5АЕК құрайды (тұрғылықты жерінде тіркелуіне сәйкес).

БТЖ үлесі мынандай:


- 10% – жеке табыс салығы;
- 20% – әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар;
- 30% – Бірінғай жинақтаушы зейнетқақы қорына зейнетқақы жарнасы
- 40% – міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

Бірінғай жиынтық төлемді төлеушілер үшін әрбір айдағы табыс ең төменгі жалақы деңгейіне жеткізіледі.

Бірінғай жиынтық төлемді төлеушілерге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан, жұктілікке және босануға немесе жана туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда тағайындалуы мүмкін.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ www.gfss.kz сайтынан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толық ақпарат алуға болады.

Гүлсім ДЕНЕЕВА, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ облыстық филиалының директоры.



Елімізде әлеуметтік тәуекелдердің туындауына байланысты халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны ретінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізіліп, жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшыларға және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар табыстарынан әлеуметтік аударымдар төлеуде.

Әлеуметтік аударымдар «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-на шоғырландырылып, Қор активтерінен әлеуметтік қатар туындағанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларына әлеуметтік төлемдер тағайындалады.

Міндеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына төленетін әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ай сайын жүргізіледі.

Жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшылары үшін, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар өздеріне әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің (табысынан) 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдарды төлеуді жүргізеді және әлеуметтік аударымдардың ең төменгі, ең жоғарғы

мөлшері белгіленген. Бұл ретте, ай сайынғы табыс әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының (бұдан әрі – ЖТМ) жеті еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде алынады. 2019 жылға әлеуметтік аударымның ең жоғары мөлшері – 10413 теңгені (42500 тт. *7*3,5%) құрайды. Егер күнтізбелік айда әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі (табысы) ЖТМ кем болса, онда

Имандылыққа ұйыған ауылдағы игілік

Қасиетті құрбан айттың соңғы күні Сырдария ауданының Ақжарма ауылында 200 адамға арналған мешіттің ашылу салтанаты өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Имандылық үйінің көк желегін кию рәсімінде ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек Ұласқанұлы аруақтарға бағыштап құран оқыды.

Осы ауылдың тумасы, жас ақын Ерасыл Бәйментай арнау жыр айтты.

«Нұр-Отан» партиясы Сырдария аудандық филиалының орынбасары Еркебұлан Жақып сөз сөйлеп, рухани жаңғыру бағдарламасы аясында халықтық істердің қарқын алып отырғанын тілге тиек етті. Аймағымызда соңғы үш айда 3 мешіт есік ашты. Қазір облысымызда 171 мешіт болса, бұған енді Басапа ишан имандылық үйі қосылып отыр. Сонымен бірге ол имандылыққа ұйыған ауылдың ұйтқысы болып отырған кәсіпкер Қайрат Нұрсейітовке алғыс білдірді.

Бұл мешіттің бой көтеруіне «Ақжарма и К» шаруа қожалығының төрағасы, кәсіпкер Қ.Нұрсейітов мұрындық болған. «Қызыл Жарты Ай» қорынан көмек алуға қол жеткізіп, елдің қолауына сүйенген кәсіпкер сауапты істің негізгі салмағын өз арқасына салыпты.

Мұнан соң осы шараға арнайы келген Біріккен Араб Әмірлігі «Қызыл Жарты Ай» қоғамының Алматыдағы өкілі Асим Фадль Мохаммед сөз алды. Ол қазақ елінің дін ісінде өте

Сонымен бірге Басапа ишан ұрпақтары – еңбек ардагері Ширек Ысқақов, Мұрат Сейтасқаров, Алматыбек Әбілқасымұлы секілді кісілер де ыстық лебіздерін білдіріп, сөз қалдырып, ұрпақтарына атын ұмыттырмаған бұл кісі кім? Басапа 1922 жылы Бұқарадағы «Мирараб» медресесін тәмамдап, елге оралып, Ақжарма елді мекенінде мешіт салды-

қауымына белгілі ірі ілімдар Ақишанның шәкірті болған. 1937 жылы сталиндік репрессия құғынымен Сібір түрмесіне айдалып, 1946 жылы сол жақта дүние салған.

Мына бір оқиғаны еске түсіру Басапа ишанның өте қасиетті кісі екенін айғайтай түседі. 1952 жылы осы өңірге түйеге жеккен арбасы бар, сақалдары бөліне түскен екі орыс келеді. Жөн сұрағандарға «Басапа имамдық еткен мешіттің орнына бір аунап қайтайық деп едік» дейді. Діни бөлек адамның мешіттің орнына аунайын деп келгені дүйім жұртты таңдандырады. Бұл Сібір лагерінде Басапамен бірге болып, оның әулиелігіне тәнті болған оралдық орыстар екен.

Басапа ишанның екі ұлы Сәбиулла, Сайфулла Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Екі қыз Әсия мен Зұбайдан тараған ұрпағы бар.

Мінекей, осындай қасиетті кісінің аты енді Ақжарма халқының ақ жүрегінен орын алып, күн сайын дұғаға қосылатын болады.

Салтанатты шара қортындысында кәсіпкер Қ.Нұрсейітов сөйлеп, мешіттің салынуына үлес қосып, қолқабыс көрсеткен ағайындарға шапан жауып, алғысын айтты. Жиналған көпшілікке ас берді. Спорттық жарыстар өткізілді.

Осылайша, Алланың қалауымен, халықтың ықыласымен, Қайраттың қаржысымен, араб ағайындардың көмегімен Ақжармада алыстан көз тартатын әсем мешіт есік ашты.



игілікті жұмыстар атқарып келе жатқанына ризалық білдірді. Бұл мешіттің де рухани ағарту орны болатынына сенім артты.

арасында Басапа ишанның өмір жолынан деректер келтірді.

Өзі дүниеден өткен соң да соңына мейірім шапағат

рып, елді имандылық жолына үндеген, жас балаларды дін ісіне үйреткен. Меккеде бірнеше жыл дәріс берген мұсылман

LATYN QARPIN ÜIRENEMIZ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – **сегізінші күні**.

Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk.kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды пошталық жолдан, марапатқа ие болыңыздар!

Qurmetti oqyrman!

Qyzylorda oblysynyn tilderdi oqyту ortalygy mamandarynyñ Qazaq әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі respublikaлық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Jaña qazaq әліпбиінде jazыға daғды qalyptastyratyn jumys дәpterin» belsendi oryndaғаға shaqyramyz. Usynylған әдіstемelіk qural lатын графикасына neгіzdelgen qazaq әліпбиінің әріpterін jazыға үйreтеді. Grafikaлық тапсырмаларды oryndaу arqyly тіl үйренуші әріpterді dұрыс jazуды және олардың baılanysын ажyратуды меңгereді.

Berілgen тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk.kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektrondy poštasyна joldap, mарапатқа иe болыңыздар!

Аты-жөні: _____

Ğ

1. Арипти жазыңыз.

Ğ _____
ğ _____

2. Сөздерді оқыңыз. Қажетті арипти жазыңыз.

_____ арыsh, аjayыр, аламат, азиз, айыр, улaмa, аshықтыq, аламтор, іbadat, арыshker, жылым, abyt, ta, a, ja, a, Ba, jan.

3. Сөйлемді көшіріп жазыңыз.

Тоғтар Айтбайұлының ақындығына ұлы сый.

Ғазиза Ғанмен оинады.

Men бүгін ғаламторда көп отырдым.

4. Сыреттерді сипаттап сөзбен жазыңыз.



5. Сыретті сипаттаңыз.



Кіріпші сатылады

Керамикалық кіріпші сатылады (250x120x88мм). Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбітшілік, 78Б. Байланыс телефондары: 87013359650, 87770582469, 87772350747.

Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (КС19-56) «Шығыс Құмкөл кенішіндегі №6, 9, 242, 243, 303, 2099, 2083, 3015 және 12Р ұңғымалардан тартылған аралық және айдалмау құбырларын ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ

Ұялы телефонымызға «112»-ден құнара ауа-райына байланысты ескертулер келіп түседі. Оның бірін ашып қарасақ, екіншісі өкі да бермейміз. Әсіресе біздің облыс климатының жазда өте ыстық және желді күндерінің көп болуымен ерекшеленетінін ескерсек, мұндай ескертулер екі күннің бірінде айтылады. Мәселен, маусым айында 16. шілде айының өзінде 25-ке жуық хабарлама келіпті. Ал еліміздің өзге өңірлерінде найзағай ойнап, жаңбыр жауатыны туралы хабарламалар жиі ескертіледі. Анығында мұндай ескертулерге құлақ асқан жөн. Өйткені, найзағайдың адам өміріне қатер төндіріп, ажал құштыратыны жайлы оқиғаларды жиі естиміз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Жыл сайын әлемде 3 миллиард жуық найзағай ойнап, күн күркірейді. Бұлтта электр заряды жинақталып, нәтижесінде алып электр ұшқыны пайда болады. Оның орнына ауа қызып әрі кеңейіп, осының негізінде біз аспаннан қатты, күркіреген қорқынышты дыбысты естиміз. Найзағайлар электростанциядан да мың есе күшті электр жарқылын шығарады. Бұл газдай құбылыстардың барлығы Ұлы Жаратушының ұлылығын дәлелдей түседі.

Аталған құбылыстар қас пен көздің арасында, бірнеше секундтың ішінде болып өтеді. Мұндай өмірлік мысалдар өте көп. Мәселен, осыдан 4-5 жыл бұрын Шығыс Қазақстан облысында мал бағып жүрген 49 жастағы азаматқа

найзағай түсіп, астындағы аты мерт болса, өзінгі кеудесі мен тізесін күйік шалған. Сонымен қатар, Тауразда аялдамада автобус күтіп тұрған 23 жасар жігітке жай түсіп, ол да аурухана төсегіне таңылды. Ал Атырауда болған қатты жауын салдарынан найзағай ойнап, бір үйдің шатырын отқа орпаған болса, Павлодардағы трамвайға жай оты түскені туралы ақпарат ғалымдар беттерінде жарық көрді. Иә, расында оның адам өміріне тигізетін зардабы мен қаупі өте жоғары. Әсіресе шетелде жылына торнадоға, қатты борсандарға және басқа да табиғи апаттарға қарағанда, жай отынан көз жұмғандар саны әлдеқайда көп. Австралияның Квинсленд



штатында жай отынан өлу қаупі жоғары. Америкада бұл көрсеткіш жағынан Флорида штаты алға шығады. Найзағай сағатына 96 км жылдамдықпен қозғалатын және 30 мың градус жылу бөлетін энергияның қайнар көзі болып саналады. Бір найзағайдың энергиясы 3 ай бойы 100 ваттық шамды жағу үшін жеткілікті. Сондай-ақ бір гана жарқылы 10 млн 100 ваттық шамнан да күштірек. Жылдамдығы секундына 150000 км және оның қалыңдығы шамамен 2,5-5 см болып табылады. Уақыт өте келе найзағайдың пайда

болу сыры жақында ашылды. Біздің заманымызға дейінгі кезеңнің ұлы оқымыстысы Аристотельдің метеорологияға қатысты болжамдары, ұсынысы басты мәселе ретінде қарастырылды. Алайда қасиетті Құран Кәрім 1400 жыл бұрын осы мәселенің құпиясын әлдеқашан ашып қойған еді. Табиғатта болып жатқан әрбір құбылыстың белгілері адамзатты ойландыруға тиіс.

Профессор Стивен А.Нельсонның ойынша найзағай отынан болатын өлімнің 26%-і ашық кеністікте орын алатын көрінеді. Сіз үй ішінде мұржа жанында, жылыт-

қыш батареяның қасында, электрлік құрылғылардың, теледидардың қасында немесе телефонмен сөйлесіп отырғанда найзағай ойнайтын болса, алдын ала сақтық шараларын жасаған жөн. Ең алдымен, электр желісіне, антеннаға, терезе жанындағы орнықтырғыштарға, үйдің төбесінен су ағатын жерлерге жақындамаңыз, сонымен қатар теледидар, радио және т.б. электрлік қондырғыларды қоспаңыз. Егер орманда болсаңыз, қысқа талдар өскен жерлерді паналаңыз. Биік талдардың қасына, әсіресе қайыңның, еменнің жанына тығылмаңыз. Су жиналатын жерде немесе оның жағасында тұрмаңыз. Жағадан алысырақ, яғни жоғары жерден төменге түсіңіз. Жазық далада болсаңыз егістікте немесе қорғанын жер болмаған кезде жерге жаппаңыз, қазыған жердің шетіне аяғыңызды қолыңызбен ұстап отырыңыз. Найзағай дауылы сіз спортпен айналысу барысында болса, дереу тоқтатыңыз. Металдан жасалған заттарды шетке қойыңыз және 20-30 метр алыс тұрыңыз. Көліктің ішінде отырсаңыз, машинадан түспей, терезені жауып, радио-қабылдағыштың антеннасын төмен түсіріңіз. Бұл жай ғана сақтық шаралары сіздің кәдімгі жаппау қалар деп үміттенеміз.

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрлымы бойынша көптеген еркектер ертелі ме кеші не созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілерді береді, ал зәр шығарудың бұзылуы, жай-сыздақ және әртүрлі ауыртыпашылық және де жыныстық қызметтің бұзылуы. Оның қандай себептен болатынын, талқыласақ. Созылмалы простатит кіші жамбас аймағындағы тоқырау құбылстары әсерінен кез-келген жаста пайда болуы мүмкін, оған аз қозғалыс өмір салты, салқындатып алу, зиянды әдеттер және т.б. себеп болады. Кабынған простата безі көлемін арттырып, уретралды және ұрық жолдарын қысады осының нәтижесінде зәр шығару бұзылып, ауру сезімдері, эректильді өзгерістер пайда болады. Простата аденомасы, бұл дерт көбінесе 50 жастан асқан еркектерде кездеседі. Қуық асты безінің қатерсіз ісігі гормоналды фонның бұзылуынан және тестостерон (негізгі еркектік гормон) гормонының бөлінуінің азаюынан түзіледі.

Мұнда да ісінген қуық асты безі простатиттегі сияқты уретралды және ұрық жолдарын жабады, осыдан зәр шығарудағы бұзылыс пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал тестостеронның төмен деңгейі, еркектік қабілеттілікті нашарлатады. Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр - зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жаңадан қабыну процестерін туындатады. Көбінесе егде жастағы еркектерде, простатит және простата аденомасы симптомдары ұқсас немесе симптомсыз бірдей жүреді, көпшілік бұл екі дертті біреу деп қабылдап, өз жағдайының қауіптілігін түсінбейді. Дертпен әлсіреген органдарда бас радиқалдар саны артып, ол қатерлі ісікке дейін апаруы мүмкін. Ұлыбританиялық ғалымдар тарапынан жасалған коллоидтық ерітінді «Мастер Мен» американдық коллоидты AD «Medicine Limited»

заяуында шығарылады. «Мастер Мен» қуық асты безі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыңқа келтіреді. Препарат қуық асты безіндегі, неспел қалтағы және уретралды каналдағы қабынуды басады. Зәр шығаруды дұрыстайды, неспел қалтамаң икемділігін арттырады, сондай-ақ гормоналды фонды дұрыстайды, еркектік гормондардың бөлінуі қалыңқа келгенде, эрекция жақсарып және де аденоманың өсуі тежеледі. «Мастер Мен» европалық стандарт GMP тарапынан расталған, отандық және халықаралық сертификаттандырылған және әлемнің ең үздік мамандарымен ұсынылған. Неізігі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мәлішері және қалдану тәсілі: қабылдау уақытығы 3 аптадан бастал. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, ұйқысыздық, жүйкелі қозуының артуы.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорабына тапсырыс бергенде -20% жеңілдік, ал 4 қорабына -40% жеңілдік жүреді.

Науқан бойынша тауарлар саны шектеулі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.



«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 (727) 345 11 11 (көп арналы) телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.



БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)
Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күнігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.